



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты

«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

«ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА»



АСТАНА, 2024

*Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету»
білім беру бағдарламасы.– Астана, 2024. - 73 бет.

Пікір жазғандар:

Жиенбаева С.Н., п.ғ.д., профессор

Джуматаева А.Д., меңгеруші

Мухиденова Ж.А., әдіскер

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету»
білім беру бағдарламасы табиғи апаттар мен төтенше жағдайларда қауіпсіз
мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша материалды қамтиды.

Құрал басшыларға, әдіскерлерге, сондай-ақ мектепке дейінгі
ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің (лицейлер мен
гимназиялардың) мектепалды сынып тәрбиешілеріне, сондай-ақ
тәрбиеленушілердің ата-аналарына (занды өкілдеріне) ұсынылады.

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми әдістемелік
кеңесінде қаралып, ұсынылды. (2024 жылғы 12 ақпандағы № 1 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Әлемде ешбір адам техногендік және табиғи апаттардан сақтандырылмаған. Бүгінгі күні өмірдің өзі ересектерге ғана емес, сондай - ақ мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез - құлық негіздерін үйрету қажет екенін дәлелдеді. Әлеуметтік, табиғи және экологиялық қолайсыз жағдайларда баланың қоршаған әлемді тануға деген шынайы қызығушылығы ол үшін қауіпті болуы мүмкін.

Сондықтан баланы жеке басының және айналасындағылардың қауіпсіздігіне саналы, жауапкершілікпен қарауға үйрету, төтенше жағдайларда жылдам әрекет етуге дайындау қажет.

Негізгі міндет – көшеде, жолдарда, қоғамдық көліктерде табиғат аясында тәртіп сақтау, өрт болған кезде және тағы басқа жағдайларда қауіпсіздік ережелеріне қарсылықсыз бағыну талап етілетіні, яғни оларды орындау қажет екені туралы балаларда ой қалыптастыру.

Табиғи апаттар мен төтенше жағдайларда мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету баланың қауіпті жағдайларда саналы мінез-құлық қалыптастыру бойынша мақсатқа бағытталған кешенді жұмысты көздейді. Қауіпсіз өмір сүру мәселесін бүкіл әлем мойындайды және шешуді қажет ететін маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Әрбір адам, ересек те, бала да кез келген сәтте төтенше жағдайға, қауіп-қатерлерге тап болуы мүмкін. Техногендік және экологиялық апаттар, террористік актілер, әскери қақтығыстар, қылмыстың өсуі, әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық әсіресе балаларға қатты әсер етеді.

Бұл жұмыстың өзектілігі мектепке дейінгі жас баланың жеке тәжірибесін қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылатынымен байланысты, дәл осы кезеңде қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі қалыптаса бастайды, сондықтан балаларды қоршаған ортада қауіпсіз өмір сүруге дайындау жүзеге асырылуы керек.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, ҚР ОАМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) негізінде әзірленді.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама):

- жеке тұлғаның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырумен байланысты білім беру міндеттерін табысты шешуге арналған педагогикалық құралдарды ұсынатын заманауи бағдарлама;

- дамудың әлеуметтік жағдайын анықтайтын және жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін түсінумен байланысты міндеттерді шешуде тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың (тәрбиеленушілер, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) және педагогтер) дамытушы өзара ықпалдастық шарттарының жүйесін сипаттайтын дамытушы бағдарлама;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктеріне бейімделетін икемді бағдарлама.

Бағдарламаның мақсаты: белсенді әрекет процесінде жеке тұлғаның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, өскелең ұрпақтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін кеңейтуге, қоршаған әлемге эмоционалды-құнды көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету.

Бағдарламаның міндеттері:

- тәрбиеленушінің қоршаған әлемді (табиғат, қоғам, мәдениет) және өзін-өзі (өзінің денесі, денсаулығы, қажеттіліктері, ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері) тану процесінде жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;

- түрлі өмірлік жағдайларда тәрбиеленушілердің (үйде, білім беру ұйымдарында, көшеде, қоғамдық көлікте, қоғамдық орындарда, экскурсиялар кезінде және т.б.) қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі мен практикалық дағдыларын кеңейту;

- балаларды қауіпсіздіктің түрлерімен (өмір, әлеуметтік, экологиялық, жол, өрт, ақпараттық және т.б.) жүйелі түрде таныстыруға жағдайлар жасау;

- балалардың өз өмірін ұйымдастыруда, табиғатпен және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда материалдарды, заттарды, құрал - жабдықтарды мәдени жетістіктер ретінде пайдалану процесінде қауіпсіз мінез-құлық нормалары мен ережелерін түсінуіне және практикалық тұрғыдан меңгеруіне жағдай жасау;

- қоршаған әлемге эмоционалды-құнды көзқарасты және балалардың санасында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал ету (қауіпті/қауіпсіз, қорқынышты/қорқынышты емес, наукас/дені сау, ауырады/ауырмайды, мұңды/көңілді, әлсіз/күшті, қирату/жасау, қимылдау/тынығу, бөлік/тұтас т.б.);

- баланың қоршаған әлемді тануын және басқа адамдармен, табиғатпен қарым-қатынас жасау нормаларын білуін, эмоционалды-интеллектуалдық процес ретінде қабылдауды, ойлауды, қиялды дамыту;

- әр тәрбиеленушінің жасын, жынысын, жеке ерекшеліктерін ескере отырып, белсенділігін, бастамашылдық танытуын, дербестігін қолдау.

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларға (3-5 жас) арналған.

Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 3 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

Бағдарламаның мазмұны тәрбиешінің балалармен бірлескен әрекетінде, режимдік сәттерде жүзеге асырылады.

БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың ерекше маңыздылығына байланысты бағдарлама оның негізгі **қағидаларын** міндетті түрде сақтауды талап етеді:

Біртұтастық қағидасы. Бағдарламаның мазмұны барлық бөлімдерде жүзеге асырылуы тиіс. Егер қандай да бір бөлім назардан тыс қалып қойса, балалар онда берілген белгілі бір қауіп-қатерлерден қорғалмай қалады.

Жүйелілік қағидасы. Жұмыс жүйелі түрде, оқу жылы бойына, бағдарлама мазмұнын күні бойы икемді бөлу арқылы жүргізілуі керек. Түрлі балалар әрекетін (ойын, театрландырылған және т.б. әрекет) күннің бірінші және екінші жартысында да өткізуге болады.

Маусымдық ерекшеліктерді ескеру қағидасы. Мүмкіндігінше жергілікті жағдайларды пайдалану керек, өйткені бағдарламаның маңызды бөлігі балаларды табиғатпен таныстыру болып табылады (мысалы, балаларды жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтармен, жидектермен таныстыруды, еріген суды лупа немесе микроскоп арқылы қарастыруды көздейтін бөлімдер). Қыста дидактикалық құралдармен шектелуге болады, ал жазда тиісті материалды бекіту үшін орманға немесе саябаққа экскурсия ұйымдастыру керек.

Қала мен ауылдық жерлердің жағдайларын ескеру қағидасы. Қала мен ауыл балаларының қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының тәжірибесі әртүрлі болатыны белгілі. Қала балаларының ауылдық жерлердегі жағдайларды түсінуінде қиындықтар туындайды (пешті қалай қолдану керек, орманда қалай жүру керек, үй жануарларымен қалай қамқорлық көрсету керек). Ал керісінше, ауыл балалары қалаға келгенде көшеде, қоғамдық көлікте жүргенде және бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауда өзін қалай ұстау керектігін білмеуі мүмкін. Отбасында қауіпсіз мінез-құлық туралы берілетін түсініктерге байланысты әр баланың қауіп көздерін түсінуде өзіндік тәжірибесі бар. Балаға төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін тек мектепке дейінгі ұйымдағы мақсатқа бағытталған педагогикалық процесте ғана меңгертуге болады.

Жас ерекшеліктерін анықтау қағидасы. Әртүрлі жастағы балалармен жұмыс жүргізуде тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны бірізді құрылады: кейбір бөлімдер - кіші топтағы балалармен, кейбірі - ортаңғы топтағы балалармен, ал басқалары - ересек топтағы балалармен жұмыс істеу үшін таңдалып алынады.

Кіріктіру қағидасы. Бұл бағдарлама дербес немесе Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл балалардың шығармашылық, театрландырылған әрекет түрлеріне, қоршаған ортамен таныстыруға, экологиялық және дене тәрбиесіне, белгілі бір режимдік сәттерге қатысты.

Неғұрлым тиімді болу үшін жұмыстың әртүрлі нысандарын қолдану керек, яғни ұсынылатын бағдарлама жасанды түрде іске асырылмай, ол біртұтас тәрбиелеу-білім беру процесіне шынайы түрде кіріктірілуі тиіс.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында және отбасында баламен өзара әрекет етудің сабақтастық қағидасы. Бағдарламаның негізгі бөлімдерін ата-аналар білуі керек, олар педагог ұсынған тақырыптар бойынша баламен әңгімелесуді жалғастырып қана қоймай, сонымен қатар тәрбиелеу-білім беру процесінің белсенді қатысушылары ретінде әрекет етуі тиіс.

БӨЛІМНІҢ МАЗМҰНЫ

ОРТАҢҒЫ ТОП (3 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР)

Білім беру міндеті

- балаларға эмоционалды, жағымды, жайлы жағдайлар жасау, әлемге деген сенімділігін қолдау;

- әртүрлі жағдайларда (үйде, балабақшада, көшеде, көлікте) өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі ықтимал қауіп-қатерлер туралы түсінік қалыптастыру;

- қауіп төнуі ықтимал жерлерде сақтық таныту дағдыларын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау (терезелер мен есіктердің жанында, балконда, баспалдақта, сырғанақта, жолда, көлікте, серуенде, үстел басында, жуынатын бөлме).

Өмір қауіпсіздігі

- шынайы жағдайларда балаларды салауатты өмір салтына баулу, гигиеналық нормалармен және ережелермен таныстыруды жалғастыру (бетін жуу, тістерін тазалау, шашын тарау және т.б.);

- өзіне және басқа адамдарға (балалар мен жақын адамдар) қатысты қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелерімен таныстыруды жалғастыру;

- қимылдың адам денсаулығы үшін маңыздылығы туралы бастапқы түсінік беру; қимылға деген қажеттілікті қолдау және дамыту;

- қозғалыс тәжірибесін байыту;

- күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлық туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруға ықпал ету, әртүрлі материалдар мен заттарды (ыстық, нәзік, ауыр және т.б.), құралдар мен құрылғыларды қауіпсіз қолданудың ықтимал қауіптерімен және ережелерімен таныстыру (өткір, үшкір және т.б.).

Әлеуметтік қауіпсіздік

- мектепке дейінгі ұйымның тобында бала өзін қауіпсіз сезінуі үшін жайлы, эмоционалды микроклиматты қамтамасыз ету;

- басқа адамдармен (құрдастар және ересектер) қарым-қатынас жасау мәдениетінің негізгі ережелерін меңгеруге қызығушылықты қолдау. Жалпы

кабылданған ережелер мен нормаларды сақтауға ынталандыру;

- әртүрлі өмірлік жағдайларда жағымды эмоциялар, белсенділік пен дербестікке деген қажеттілікті қолдау және дамыту.

Жол қауіпсіздігі

- жол, оның қолданылуы мен құрылымы туралы түсінік беру. Жол қозғалысының қарапайым ережелерімен таныстыру;

- көлік, оның түрлері, қолданылуы, ықтимал қауіп-қатерлер және көліктегі тәртіп ережелері туралы түсініктерін кеңейту;

Өрт қауіпсіздігі

- отты мәдени құбылыс ретінде және оның пайдасын (жылу, жарық береді, сұлулық) адам әрекеті арқылы таныстыру;

- отқа арналған «үйлер» туралы түсініктер (пеш, майшам, қолшам, фонарь және т.б.) арқылы адамның отты қалай басқаратынын, отпен және электр құрылғыларымен жұмыс істеу кезінде ықтимал қауіптер туралы бастапқы түсініктер беру.

Экологиялық қауіпсіздік

- табиғатта (гүлді жұлмау, ағаш бұтақтарын сындырмау, көбелектерді ауламау, қоңыздарды аяқпен баспау) және күнделікті өмірде (кітап-журналдарды ұқыпты ұстау, жуыну кезінде суды үнемдеу) мінез-құлық ережелерін көрнекі құралдар арқылы түсіндіру.

Жеке тұлғаның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын бала дамуының жас ерекшеліктері

Бұл жаста баланың ағзасы одан әрі дамиды, барлық физиологиялық функциялары мен процестері жетілдіріледі, адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы негізгі түсініктерді қалыптастыруға және қауіпсіз мінез-құлықтың практикалық дағдыларын қалыптастыруға негіз болады. Норманың негізгі көрсеткіші - баланың жайлылығы мен әл-ауқаты.

Қимылды дамыту және қимыл белсенділігін қалыптастыру.

Ортаңғы топтағы балалардың қимылдары мен әрекеттері әртүрлі және үйлесімді болып келеді, бұл балаларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді: өзбетінше жуыну, тісті тазалау, шашын тарау, ретімен жылдам шешіну және киіну, ас құралдарын дұрыс пайдалану, өзіне таныс кеңістікте сенімді түрде бағдарлау және еркін қозғалу, қасиеттерін анықтау үшін әртүрлі материалдармен, заттармен, тәжірибе жасау және т.б. Түрлі әрекеттерді орындауда балалар оның нәтижесіне емес, орындау процесіне қызығады. Сонымен қатар, олар өз қалауы бойынша әртүрлі әрекеттерді орындай алады (балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін және балалардың белсенділік танытуына кедергі келтіретін қауіп-қатерлерді болдырмау үшін ересектердің бақылауы қажет). Балалар педагогтің әрекетін анағұрлым саналы және мұқият бақылайды, оның айтқанын тыңдауға және түсінуге талпынады, әрекет пен мінез-құлықтың жаңа тәсілдерін меңгеруге тырысады. Бұл балаларды күнделікті жағдайларда (үйде), балабақшада, серуенде және табиғатта болғанда тәртіптің қарапайым ережелерімен таныстыруға мүмкіндік береді.

Дамудың әлеуметтік жағдайы баланың қалыптасқан дербестігімен және

оның қоршаған әлеммен (табиғи және әлеуметтік) танысуымен сипатталады.

Қарым-қатынаста ерекше өзгерістер байқалады: ерте жаста іскерлік ынтымақтастық қарым-қатынастың танымдық нысанымен ауыстырылады, оның негізгі мотиві - айналаны тану болып табылады, яғни білуге құмарлығы (осы жаста балалар неге? деген сұрақты көп қояды) оянады. Ересектермен (ата-аналар, педагогтер) қарым-қатынас жасауы артады. Ересектер әлі де қарым-қатынас жасауда негізгі серіктес болып табылады, бірақ баланың құрдастарымен қарым-қатынасы күрделене бастайды және қарым-қатынастың әлеуметтік қолайлы нормалары туралы бастапқы түсініктерге негізделген бірлескен әрекеттің қарапайым дағдылары қалыптасады. Танымдық процестердің қалыптасуы және баланың жеке қасиеттерінің дамуы ойын арқылы жүзеге асады. Ойын балалардың өмірі мен денсаулығына қатысты қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгерудің негізгі мотиві болып табылады.

Психикалық даму

Таным процестерінің ішінде үш жастағы балалардың барлық таным саласының дамуына ықпалын тигізетін есте сақтау болып табылады. Есте сақтауы әлі де еріксіз, бірақ бала өзін қызықтырған оқиғаларды (оның ішінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын) есте сақтай алады.

Түйсік пен қабылдау бірте-бірте тұрақты сипатқа ие болады, ерікті қабылдаудың белгілері көріне бастайды - бала қысқа уақыт ішінде бақылауға, заттарды қарауға, салыстыруға, ізденуге қабілетті болады. Өзбетінше бақылаулар, салыстырулар, қарапайым тәжірибелердің нәтижесі баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігімен байланысты түсініктердің мәнін ашуға мүмкіндік береді: қауіпті/қауіпсіз, қорқынышты/қорқынышты емес, науқас/дені сау, ыстық/суық, пайдалы/зиянды және т.б. Үш жаста сенсорлық эталондар қалыптасады (пішін, түс, өлшем туралы жалпы түсініктер), олар белгілі бір затпен тығыз байланысты болады. Ересектер бұл жастағы баланың сөйлеуі жағдайға байланысты екенін есте ұстағаны абзал, бұл кейде қорқыныштың, агрессияның және баланың физикалық немесе психикалық жағдайындағы үйлесімділіктің бұзылуын көрсететін басқа да көріністердің себептерін түсінуде қиындықтар туғызады.

Баланың ойлауы сөйлеудің белсенді дамуымен және өзіне жақын адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы қалыптасады. Бұл жаста көрнекі - бейнелі ойлаудың негізі біртіндеп қалыптасатын көрнекі-әрекеттік ойлау болып табылады. Көрнекі - бейнелі ойлаудың дамуы баланың бейнені белгілі бір заттан ажыратып, сөзбен айту қабілетінен көрінеді. Бала «болады», «болмайды», «дұрыс», «бұрыс», «барлық әдепті адамдар осылай істейді» және т.б ұғымдардың әлеуметтік мәнін түсінеді. Бұл балаларға әртүрлі жағдайларда кейбір тұрақты үлгілер ретінде қарапайым мінез-құлық нормаларымен танысуға мүмкіндік береді. Қиял ойлаумен тығыз байланыста дамиды және көрнекі-бейнелі ойлаудың қалыптасуына негіз болады. Қиял балаға басқа адамның және әдеби немесе анимациялық шығарма кейіпкерінің мінез-құлқын анықтауға және эталон ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бала зейінін шоғырландыра алады, яғни материалдарға, заттарға, құралдарға,

саналы түрде зейін аударады. Сонымен бірге ол қауіпті объектілермен жұмыс істеу «ережелерін» қолданады (тіпті оларды дауыстап айтады).

Бұл жастағы баланың эмоционалды әлемі өте икемді, жағдайға және қоршаған ортаға тәуелді болады. Егер өзіне жақын адамдар оны түсінсе және қабылдаса, онда жалпы даму жағдайы қолайлы болады: бала өзін оң бағалайды, оның өзін-өзі бағалауы және ортаға деген сенімі қалыптасады. Бірақ, осы кезеңде үш жастағы дағдарыстың салдары да байқалуы мүмкін: қыңырлық, қырсықтық. Өмір мен денсаулықтың қауіпсіздігі туралы түсініктерді эмоционалды түрде көрсетеді (мысалы, ауру туралы айтудың өзі балаларда алаңдаушылық тудырады және керісінше, жақсы ауа-райы және алдағы серуен туралы хабар қуантады).

Ерікті мінез-құлық қалыптаса бастайды, сондықтан бұл жастағы балалардың әрекеті тұрақсыз болып келеді. Олар мақсатты түрде есте сақтай алмайды, әрекеттердің ретін жоспарлай алмайды, нәтижені бағалай алмайды. Әрекеттің тұрақтылығы мен нәтижесіне оның мотиві қызықтырады (өзі үшін, ойнау үшін бірдеңе жасау).

Еліктеу бұл жастағы балаларға тән қасиет: бала ересектердің әрекеттері мен қылықтарының мағынасын әлі толық түсінбесе де, оларды қайталайды. Үш жастағы бала өзінің жетістігін мойындаудан эмоционалды қанағаттану мен қуанышты сезінеді. Дегенмен, төрт жасқа аяқ басқанда ол өз мүмкіндіктерін жеткілікті түрде бағалай алады және өзін түсіне бастайды. Баланың өз еркімен, өзбетінше әрекет ететін жеке тұлға ретінде өзі туралы алғашқы түсініктері қалыптасады. Бұл жаста өзін-өзі танудың дамуы өзін басқалардан бөлумен, «мен» ұстанымының пайда болуымен және өз есіміне оң қарауымен байланысты. Бұл жастағы бала «Мен өзім!» деген сөзді жиі айтады. Ересектердің көмегінсіз өзбетінше әрекет етуге ынталандыру маңызды. Ортаңғы топтың тәрбиешісі балалардың дербестігін дамытуға, даралығын қолдауға ерекше көңіл бөлуі керек.

Күтілетін нәтижелер:

Осы жастағы бала:

- денсаулықтың құндылығы, күнделікті өмірде гигиеналық ережелерді сақтау қажеттілігі туралы қарапайым түсініктерге ие және өз әрекетінде оларды сақтауға тырысады;

- жеке гигиена құралдарын (сабын, тарақ, орамал, қол орамал) дұрыс пайдаланады, қолды жуу және жуыну процестерін ересек адамның болмашы көмегі арқылы орындайды;

- өз бетінше шешініп, киінуге тырысады, сыртқы келбетін қадағалайды, тамақ ішкенде мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын меңгерген;

- қауіпті жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсінеді (төменге түсу және жоғары көтерілу кезінде баспалдақтың қоршауларынан ұстау, есік саңылауларына саусақтарын сұқпау және т.б.) және еске салғанда осы ережелерді сақтайды;

- балабақшада жалпыға ортақ тәртіп ережелерін орындауға тырысады, ережелерді бұзбауға талпынады; өзінің мінез-құлқын бақылауға тырысады; өзінің әрекетін ойын ережелерімен байланыстырады;

- табиғатқа ұқыптылықпен қарайды (өсімдіктерді таптамайды, бұтақтарды сындырмайды, қоңыздарды жаншуға немесе көбелекті ұстауға тырыспайды, бірақ оларды жақын қашықтықтан қарауға, бақылауға, қызықтауға ұмтылады);

- тіршілік иелеріне (жануарлар, қыстап қалатын құстар) қамқорлық жасауға ұмтылады.

Қауіпсіздік мәдениеті

Бұл жаста балалар өз денсаулығына және басқа адамдардың денсаулығына қамқорлық таныта алады. Ересек денсаулық пен салауатты өмір салтының құндылығы, пайдалы және зиянды тағамдар, дене шынықтыру жаттығуларының, таңертеңгі жаттығулардың, шынықтыру шараларының пайдасы туралы қарапайым түсініктер береді.

Балалардың қауіпсіз мінез-құлық ережелеріне қызығушылығы қалыптасады. Педагог балаларды адам денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларға сақтықпен қарауға және ересектерге өзінің жағдайы туралы хабарлауға баулиды.

Тәрбиеші балаларға олардың денсаулығына қатысты қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы әңгімелеп, неге дымқыл киіммен және аяқ киіммен жүруге, ауызға таныс емес жидектер мен жемістерді алуға, лас көкөністер мен жемістерді жеуге, қайнамаған суды ішуге, тәттілерді көп жеуге болмайтынын түсіндіреді.

Балаларға денсаулыққа қатысты қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйретеді, ойнағанда бөлме ішінде және ойын алаңында құмды шашпау және таяқты лақтырмауды, балаларды итермеуді, дөрекі сөздермен ренжітпеуді, бірге ойнауды, балаларды мазақтап, көңіл-күйлерін түсірмеуді еске салады. Балалар бір-біріне көмектесуге ұмтылады.

Адамның денсаулығы көбінесе оның эмоционалдық және психикалық күйімен анықталады, оның жақын ортамен: ата-аналармен, педагогтермен және басқа балалармен қарым-қатынас жасауына байланысты. Бала денсаулығының ең маңызды шарты оның отбасымен қарым-қатынасы, ата-ананың сүйіспеншілігін сезінуі және баланы жақындарының жақсы көруі болып табылады. 3 жастағы балада ата-анасының өзіне деген махаббатын сезінуі көбінесе вербалды емес, тактильді әрекет арқылы пайда болады.

Балаларда өзін және өзінің физикалық мүмкіндіктерін зерттеуге қызығушылықты ояту маңызды. Бұл жаста сезім мүшелерін (ауыз, мұрын, құлақ, көз) ажырату және атай білуі жетілдіріледі. Тәрбиеші балаларды адам денесінің сыртқы құрылысымен (бас, мойын, қол, аяқ) таныстыруды жалғастырады; олардың адам өміріндегі рөлі және оларға қалай күтім жасау керектігі туралы түсінік береді.

Бұл жаста балалардың жуыну, шомылу, қолды сабынмен жуу (ересектердің көмегінсіз) және сыртқы келбетіне ұқыпты қарау дағдылары жетілдіріледі. Тәрбиеші балаларды жеке орамалды, тарақты және қол орамалды қолдануға үйретеді; жөтелгенде және түшкіргенде мұрын мен ауызды қол орамалмен жабу керек екенін біледі. Балалардың киіну және шешіну дағдылары қалыптасады (ересек адамның көмегімен). Тәрбиеші

балалардың өздігінен әрекет етуге ұмтылысын қолдайды. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды және ұқыптылықты сақтауға баулиды.

Жуыну, қолдарын жуу кезінде тәрбиеші балаларға кранды жуынып болғаннан кейін жабуды ескертеді, суды неліктен үнемдеу керектігін түсіндіреді.

Балалар тамақ ішу кезінде мәдени мінез-құлық ережелерін меңгереді (тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу, үстел басында айқайламау және күлмеу); балалар ересектердің көмегінсіз тамақтану дағдысын меңгереді (қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану), тісті тазалауға үйретеді. Тәрбиеші балаларды тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюға үйретеді, таңертең және кешке тісті тазалау керек екенін ескертеді.

Тәрбиеші балаларға қауіпсіз мінез-құлықты үйретеді: ыстық заттарды, өткір заттарды ұстамау, қолды немесе басты торлы шарбақтың арасына сұқпау, саусақтарды немесе кез келген заттарды электр розеткаларына сұқпау.

Баланы басқа құрдастарының қабылдауы және олармен достық қарым-қатынас орнатуы да баланың эмоционалдық жағдайына және оның психофизикалық денсаулығына айтарлықтай әсер етеді. Тәрбиеленушілер ересектермен қарым-қатынас жасауды ұнатады және олармен ынтымақтастықты қажет етеді. Тәрбиеші бұл қажеттілікті қолдайды, өз әсерлерімен бөлісуге ынталандырады, олармен сыпайы сөйлеседі.

Тәрбиеші балалардың құрдастарына деген қызығушылығын дамытады, балалардың арасында жағымды қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді, бір-бірін жақынырақ тануға көмектеседі. Ойындар мен қарым-қатынас барысында балаларды мейірімділік, жанашырлық танытуға баулиды: құрдасына жанашырлық білдіру, оны құшақтау, көмектесу.

Тәрбиеші балаларды ортақ әрекетке қатысуға тартады: топпен ойнауға, бірлескен өнімді әрекеттерге, ертегілерді тыңдауға, иллюстрацияларды қарауға, ойыншықтарды жинауға және т.б. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасау тәсілдерін: бір-біріне кедергі жасамай ойнауға, қатар ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге, шағын ойын сюжетін бірге ойнауға, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйренеді.

Ересектер балаға жалғыз және қатар ойнаудан рөлдік ойынға көшуге көмектеседі, балалардың ойын бұрышында құрдасының жанында ойнауға деген ұмтылысын қолдайды, бұл балалардың арасында достық қарым-қатынастың нығаюына ықпал етеді.

Балалардың арасында дау-жанжал туындаған кезде тәрбиеші балаларды тыңдайды, олардың қажеттіліктері мен тілектерін түсінуге тырысады, бұл жағдайларды шешудің жолдарын (келісу, достасу және т.б.) бірлесіп іздеуге мүмкіндік береді.

Күнделікті өмірде мәдени қарым-қатынасқа, жағымды мінез-құлықтың алғышарттарына тәрбиелеу арқылы ересектер баланы жылы шыраймен амандасып, қоштасуға, құрдасын атымен атауға, сыпайы түрде өтініш білдіруге, алғыс айтуға үйретеді. Тәрбиеші балаларды бақылай отырып, олардың үстел басындағы, топтағы мінез-құлқына назар аударады; киіміндегі

олқылықтарды және заттардағы ақауларды байқауға, оларды өзбетінше немесе ересектің көмегімен ретке келтіру жолдарын табуға үйретеді.

Тәрбиешінің көмегімен балалар топ бөлмесінде бағдарлай бастайды, ойыншықтар мен ойын құралдарының орындарын біледі, топ бөлмесіндегі барлық құралдар мен ойыншықтарды балалардың бәрі пайдалана алатынын түсінеді.

ЕРЕСЕК ТОП (4 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР)

Білім беру міндеттері

- әр балада эмоционалды жағымды көңіл-күй тудыру үшін топта психологиялық қолайлы атмосфера орнату, балалардың қауіпсіз өзара әрекет етуіне жағдайлар жасау;

- адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіп-қатерлер туралы түсініктерін кеңейту. Қауіп-қатерлердің себептерін анықтауды үйрету, олардың алдын алу және еңсеру тәсілдерін меңгеру (мысалы, сіріңкемен ойнамау, ересектерсіз лифтке кірмеу, бейтаныс адамдармен сөйлеспеу);

- қауіпсіздіктің түрлерімен таныстыруды жалғастыру - әлеуметтік, экологиялық, жол, өрт, ақпараттық;

- үй-жайларда (үйде және балабақшада), көшеде, балабақша аумағында, көлікте және қоғамдық орындарда қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгеру және түсіну үшін жағдай жасау.

Өмір қауіпсіздігі

- өмір мен денсаулықтың құндылығы туралы түсінік беру. Өзінің және басқа адамдардың (балалар мен жақын адамдарының) өмірі мен денсаулығына қамқорлық танытуға тәрбиелеу;

- салауатты өмір салтын ұстануға деген талпынысты қолдау, гигиеналық және шынықтыру шараларының, күн тәртібінің, дене шынықтыру жаттығуларының, ұйқының, серуеннің денсаулық үшін маңызы туралы түсініктерін кеңейту;

- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;

- адам денесінің бөліктері мен сезім мүшелері туралы түсініктерін нақтылау және кеңейту, олардың адам өмірі мен денсаулығы үшін маңызын түсіндіру;

- адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін қимылдың, қимыл белсенділігінің және дене қасиеттерінің (ептілік, күш, жылдамдық, дәлдік) маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Дене шынықтыруға жүйелі түрде тарту; қимыл тәжірибесін байыту;

- өзін нашар сезінгенде (бастың ауруы, құсу) немесе жарақат алғанда ересектерден көмек сұрауды үйрету, өз жағдайы мен көңіл-күйін сөзбен жеткізуді дамыту.

Әлеуметтік қауіпсіздік

- айналасындағы адамдарға мейірімді қарым-қатынасты қолдау; эмоционалды елгезектікті дамыту; басқа адамдардың эмоционалдық

жағдайын түсіну және дұрыс жауап беру; құрдастарымен қарым-қатынасқа деген ұмтылысты қолдау;

- жағымды эмоцияларға, белсенділік пен дербестікке қажеттілігін қолдау;

- қарым-қатынас мәдениетіне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін орындауға (амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, сыпайы болу, рахмет айту) тәрбиелеу.

Жол қауіпсіздігі

- жолды мәдени құбылыс ретінде таныстыруды жалғастыру;

- жолда және көлікте қауіпсіз мінез-құлықтың практикалық дағдыларын қалыптастыру;

- көлік, оның түрлері, міндеті, ықтимал қауіптер мен мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту.

Өрт қауіпсіздігі

- отпен мәдени құбылыс ретінде және оның адам өміріндегі маңызымен таныстыруды жалғастыру (жылу, жарық, тамақ пісіру, қорғану, сұлулық, жайлылық, т.б.);

- адамның отты қалай басқаратыны («отқа» арналған үйлер; отпен байланысты мамандықтар аспаз, ұста; тұрмыстық электр аспаптары), қандай қауіп төнуі мүмкін және олардың алдын алу туралы түсінікті кеңейту.

Экологиялық қауіпсіздік

- қоршаған ортада экологиялық сауатты қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету. Табиғат объектілеріне қатысты қарым-қатынас салдарын (жағымды және жағымсыз) көре білуге үйрету (егер өсімдіктерді суарса, олар өсіп, гүлдейді және жеміс береді; өсімдіктерді уақытында суармаса, олар құрғап қалады, тіршілігін жояды және т.б.);

- адамның әрекеті мен табиғат жағдайы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуді қалыптастыру (суға бензин құйып немесе коқыс тастасақ, ол ластанып, ішуге, шомылуға, жануарлар мен өсімдіктердің мекендеуіне жарамсыз болып қалады).

Жеке тұлғаның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын балалар дамуының жас ерекшеліктері

Төрт жаста бала ағзасы одан әрі дамиды, барлық физиологиялық функциялары мен процестері жетілдіріледі, бұл педагогтер мен ата-аналарға балалардың жеке қауіпсіздік мәдениетімен байланысты практикалық тәжірибесін айтарлықтай байытуға мүмкіндік береді. Балалардың қауіпсіздік түрлері бойынша тәжірибесін кеңейту үшін жағдайлар жасалады: өмірлік (мысалы, балалар қағаз және матамен жұмыс істегенде қайшыны ұқыпты пайдалануды, қайшыны бір-біріне сақиналарын алға қарай бағыттай отырып, беру керектігін біледі); экологиялық (табиғатқа зиян келтірмеу және табиғи материалдардан құрастыру үшін тек жерде жатқан бүрлерді, жаңғақтарды, жапырақтар мен бұтақтарды ғана жинау); әлеуметтік (ересектердің рұқсатынсыз бейтаныс адамдардан ойыншықтар мен тәттілерді алуға болмайды), өрт (ересектер жоқ кезде электр құралдарын пайдалануға

болмайды), жол қозғалысы (бағдаршам белгілерін түсіну), ақпараттық (балалар денсаулығына зиян келтірмейтін көптеген жаңа және пайдалы нәрселерді үйрететін балаларға арналған арнайы кітаптар, журналдар, мультфильмдер, телебағдарламалар туралы түсінік беру) және т.б.

Қимылды дамыту және қимыл белсенділігін қалыптастыру.

Төрт жастағы балалар негізгі қозғалыстардың барлық түрлерін меңгереді. Олар үйлестіруді, ептілікті және дәлдікті талап ететін күрделі қимылдарға қызығушылық танытады және орындай алады. Балалар қоршаған кеңістікті меңгеруді жалғастырады және өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмей, өз денесін басқаруды үйренеді (өзі, басқа адамдар - балалар мен ересектер). Олар қимылдық импровизацияға қажеттілікті сезінеді, өз денесін басқаруға, оның ішінде қолдардың қимылдарын үйлестіруге талпынады. Бұл жастағы балалар кез келген қимылдарды (моторлық) ықыласпен орындайды, бірақ көбінесе өзінің мүмкіндіктерін және қиындықтарды жеңу тәжірибесінің жоқтығын ескермейді, сондықтан олар басқа әрекетке ауыса отырып, тапсырманы аяқсыз қалдыруы мүмкін. Сондықтан ересек топтың тәрбиешісі балалар әрекетінің түрлерін дамытуға жағдай жасап, балалардың бойында ережелерді (шарттарды) орындауға, әдістерді меңгеруге, белгілі бір нәтижеге жетуге жауапкершілікті қалыптастыру міндетін қояды.

Дамудың әлеуметтік жағдайы баланың басқа адамдармен - балалармен және ересектермен әлеуметтік қарым-қатынас әлеміне енуімен сипатталады. Баланың жақындарымен қарым-қатынасы дамып, жетілдіріледі, тұлғалық формаларға ие болады: ол өзінің мінез-құлқын, басқа адамдардың әрекеттері мен қылықтарын адамгершілік нормалар тұрғысынан талқылауға тырысады. Ата-аналармен және педагогтермен қарым-қатынас жағдайдан тыс сипатқа ие болады - бала қазіргі сәттегі жағдайдың шеңберінен тыс оқиғаларға қызығушылық танытады. Қарым-қатынастың негізгі мотиві - қоршаған әлемді тану (табиғи, тұрмыстық, әлеуметтік) және онда не болып жатқанын түсіну. Жеке тұлғаның, әлеуметтің (қоғамның), табиғаттың, мәдениеттің қауіпсіздігі туралы мәселелер маңызды орын алады.

Баланың жеке тұлғасын дамытудың маңызды шарты - балалар тобы болып табылады (құрдастар және басқа жастағы балалар). Бала өзін тану және бағалау үшін басқа балалармен өзін салыстырады. Бала басқа балалармен қарым-қатынас кезінде ересектер ұсынған әлеуметтік ережелер мен нормаларды белсенді түрде тексереді және қолданады, бірлескен әрекеттерде (ойындар, құрастыру, театр, зерттеу әрекеті, эксперименттер және т.б.) ересек серіктестен құрдасын артық көре бастайды. Топта динамика байқалады: көшбасшылар, жұлдыздар көзге түседі. Дегенмен, бұл әлеуметтік рөлдер әлі де тұрақсыз, сондықтан оларды педагог оңай өзгертеді және түзетеді (қажет болған жағдайда психолог).

Сюжетті-рөлдік ойын күрделене түседі және неғұрлым алуан түрлі, мазмұнды болады және ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Ойын сюжеттері адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсетуге негізделеді, оның ішінде гендерлік рөлдерді (мерекелер, шынайы өмір, таныс ертегілер, мультфильмдер эпизодтары) ескере отырып, әртүрлі ойыншықтарды,

заттарды, материалдарды белсенді пайдалану, олардың қасиеттері мен функцияларының кең ауқымын анықтауға негізделген (оның ішінде өмірлік маңызды, әлеуметтік, экологиялық, өрт қауіпсіздігі). Ойын барысында баланың тұлғасы жетілдіріледі, оның даралығы анық көрінеді. Балалар жеке қауіпсіздігіне қатысты мәселелерге көбірек қызығушылық таныта бастайды. Бұл мәселелер әңгімелесу, ұйымдастырылған іс-әрекет, серуен, экскурсиялар (оның ішінде виртуалды) кезінде талқылануы мүмкін. Мінез-құлық ережелерін түсіну үшін өнер маңызды рөл атқара бастайды - көркем әдебиет, театрландырылған әрекет, музыка және т.б.

Психикалық даму

Төрт жастағы бала түрлі әрекеттер арқылы белсенді дамиды (ойын, қарым-қатынас, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және т.б.). Ол қарапайым еңбек тапсырмаларын және бірлескен әрекеттерді құрдастар тобында орындауға немесе түрлі жас тобында ересектің қатысуымен әрекетті ұйымдастырушы, «режиссер» рөлінде орындауға қабілетті болады. Түйсік пен қабылдау бірте-бірте аффективтік сипатын жоғалтады: перцептивті (практикалық, зерттеу) және эмоционалды процестер саралана бастайды. Қабылдау мәнді және мақсатты болады. Оның барлық түрлері жетілдіріледі (көру, есту, тактильді және т.б.). Сенсорлық дамудың жаңа деңгейі көрініс табады: түйсіктің түрлері жетілдіріледі, көру өткірлігі мен түсті ажырату артады. Сенсорлық эталондарды қабылдау (заттың пішіні, түсі, өлшемі, пропорциясы, құрылымы және т.б.) жетілдіріледі, бала қабылдау әрекеттерін меңгереді және заттардың өзіне тән қасиеттерін анықтайды. Мұның бәрі педагогке баланың қоршаған әлемді тануына, сезім мүшелерінің міндетін түсінуіне, сондай-ақ мәдени-гигиеналық дағдыларды (көру, есту, иіс сезу, сипап сезу мүшелеріне күтім жасауға байланысты) дамытуда күрделірек міндеттерді қоюға мүмкіндік береді. Дегенмен, сенсорлық эталондар әлі де бала үшін заттық болып қала беретінін есте ұстаған жөн, яғни зерттелетін материалмен немесе объектімен тығыз байланыста болады. Сондықтан: қауіпті/қауіпсіз, пайдалы/зиянды, ыңғайлы/ыңғайсыз (жиһазға, киімге, аяқ киімге қатысты), ауру/сау, жеуге жарамды/улы, мейірімді/мейірімсіз, көңілді/мұңды, т.б. түсініктерді балалар нақты жағдаяттарда меңгереді, кейін жаңа мағыналық мәндерге ауысады және осы арқылы бірте-бірте жалпыланады, бұл оларды адам өмірі, денсаулығы және жеке басы үшін қауіпсіз мінез-құлық нормаларымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Ырықты ес қалыптаса бастайды, қайта жаңғырту ырықты есте сақтаудан бұрын пайда болады. Есте сақтау, қайта жаңғырту шынайы жағдайларда қалыптасады және баланың ынтасына байланысты болады. Ұзақ мерзімді есте сақтау бірте-бірте дамиды, оның негізгі механизмі есте қалған материалдың эмоциялармен байланысы болып табылады. Бала өзінің есінде қалғанын, яғни жалпы «ережелерді», жағымды мінез-құлық үлгілерін (кітаптардан, мультфильмдерден, телебағдарламалардан) және өзінің түсініктерін, тұжырымдамаларын, қорытындыларын, кейбір көрген жағдайларды қайта жаңғырта алады.

Көрнекі-бейнелі ойлау жетекші рөл атқарады. Бірте-бірте балалардың

ойлауының даралығы басым бола бастайды: бала басқа адамның эмоционалдық жағдайын түсіне алады және өзінің қалауы мен ынтасын басқа адамдардың қалауы мен ынтасынан ажырата алады, сезімдер мен қарым-қатынастарды білдіретін әлеуметтік-қолайлы тәсілдерді меңгереді. Қиялдың дамығаны соншалық, оның көмегімен бала шығармашылық ойлауды дамытады, шынайы заттарды қиялдағы заттармен алмастырады, ойша әрекеттің қарапайым алгоритмін құра алады.

Балалардың қиялы жақсы меңгерген әрекеттің әдістері арқылы белсенділік пен дербестікке, таныс құралдарды пайдалануға ынталандырады. Қиял балаға қауіп-қатерлердің себептері мен ықтимал салдарларын елестетуге, қиын жағдайлардан шығудың жолын табуға, қарым-қатынас пен мінез-құлық үлгілерін қолдануға көмектеседі.

Сөйлеуді дамытуда сөз ойлап табу, сөйлемдер құрастыру, ойын жеткізу және сипаттау, баяндау, қарапайым түсіндіру түріндегі тәжірибесі кеңейеді. Белсенді сөздік қоры заттардың, материалдардың сапасын білдіретін және олармен орындалатын әрекеттерді білдіретін сөздермен байытылады. Сөздердің мағынасын түсіну жетілдіріледі. Сөйлеуді дамытудың негізгі бағыты - монологты байланыстырып құра білуді дамыту. Бала өзінің қорқыныштары мен үрейлері туралы айта алады, ауырған кездегі көңіл-күйі мен жағдайын сипаттай алады, әлеуметтік-мәдени нормаларды сақтау негізінде басқа адамдармен (балалармен, ересектермен) қарым-қатынас жасауға дайын.

Балалардың зейіні тұрақты сипатқа ие болады және ырықты зейін қалыптасады. Зейіннің тұрақтылығы тартымды заттарды қабылдау, қызықты әдеби шығармаларды тыңдау, зияткерлік маңызды әрекеттерді орындау (пазл ойындары, лото, лабиринт, проблемалық жағдаяттарды шешу) кезінде артады.

Эмоционалдық сала тұрақты болып келеді. Жағымсыз әрекеттер, қыңырлық, қырсықтық танытуы негізінен жақын адамдарымен немесе балалармен қолайсыз қарым-қатынаста көрінуі мүмкін. Бала өзінің эмоциясын, көңіл-күйін сезіне бастайды. Педагогтің міндеттерінің бірі - балаларды олардың жағдайын үйлестірудің әлеуметтік қолайлы әдістерімен таныстыру (жақын адаммен сенімді әңгімелесу, сүйікті ойыншығымен «әңгімелесу», шығармашылық әрекет, қимылды ойын, табиғатпен қарым-қатынас - суды, бұлттарды, гүлдерді тамашалау және т.б.).

Еліктеу тұлға дамуының негізгі механизмі болып қала береді. Бала ересектердің бағалауын басшылыққа алады. Өзі туралы түсінігі тұрақты болады, өзін-өзі бағалауы қалыптаса бастайды. Төрт жастағы бала өзін шынайы бағалайды, ол ересектердің мақтауларына қуанады, оны жетістіктерін байланыстырады. Бұл жаста бала тапсырманың күрделілігін әлі бағалай алмайды, ол үшін оны орындай алғаны және мақтағаны маңызды, бірақ бірден табысқа жетуі маңызды емес, жетістіктер мен табыстардың тұрақтылығы маңызды болады. Өзінің нәтижелерін басқа балалардың нәтижелерімен салыстыра отырып, бала өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалауды үйренеді, оның талпыныс деңгейі қалыптасады, ішкі ұстанымы дамиды.

Бұл жаста мотивтер жүйесі орнығып, әрекет пен мінез-құлықтың үйлесімі қалыптасады. Маңызды ерік сапасы – мақсатқа ұмтылуы дамиды. Мақсатқа ұмтылуы бірте-бірте қоғамдық бағытқа ие болады, бұл белсенділік пен мінез-құлықтың әлеуметтік маңызды мотивтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелер:

Төрт жастағы бала:

- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие (дені сау болу үшін не қажет деген сұраққа жауап бере алады, кейбір ережелерді атай алады: жаттығулар жасау, дене шынықтыру, пайдалы тағамды жеу, дәрігерге бару, шынығу және т.б.);

- өзінің денсаулығы мен басқа балалардың денсаулығын сақтаудың қарапайым ережелерін біледі; қандай заттар мен жағдайлар қауіпті болуы мүмкін екенін түсінеді және олардан сақтанады;

- жарақат алған немесе ауырған жағдайда ересектерге ескерту қажет екенін біледі; өзінің жағдайын сипаттай алады (басым ауырады, ішім ауырады, құсқым келеді);

- негізгі гигиеналық шараларды (серуеннен кейін, тамақ ішер алдында қолды жуады, майлықты, қол орамалды пайдаланады, киіміндегі олқылыққа назар аударады), олардың кейбіреулерін өзбетінше және ересектердің ескертуінсіз орындайды;

- жас ерекшеліктеріне сәйкес дене қасиеттері мен негізгі қимылдардың жеткілікті даму деңгейін көрсетеді;

- құрдастарымен қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысын көрсетеді, өзара әрекет етуге тырысады;

- құрдастарына және ересектерге мейірімділік танытады; қуанышты және қайғылы оқиғаларды түсінеді;

- өз әрекетін жалпы қабылданған ережелермен салыстыруға тырысады, ережелер бұзылған кезде құрдастары мен ересектерге ескерту жасайды;

- қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орната алады (далада аяз болғанда шалшықтағы су қатады, ал жылы кезде мұз ериді; күзде құстар жылы жаққа ұшып кетеді, өйткені оларға қорек жоқ; өсімдікке тіршілік ету үшін жарық, су, топырақ және т.б. қажет);

- жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлықпен қарайды, қыстап қалған құстарды, балабақшаның табиғат бұрышындағы жануарларды қоректендіруге, өсімдіктерді суаруға тырысады;

- табиғатта кейбір тәртіп ережелерін біледі, өсімдіктерді баспауға тырысады; бейтаныс өсімдіктерді теріп, дәмін татуға болмайтынын біледі, оның әрекетінен басқа тіршілік иелерінің тәуелді болуы мүмкін екенін түсіне бастайды, өсімдіктерге күтім жасаудың бастапқы дағдыларын меңгереді, су ағатын қранды пайдаланып болғаннан кейін жабу керек екеніне назар аударады, жерге қоқыс тастамайды және т.б.

Қауіпсіздік мәдениеті

Тәрбиеші балалармен әңгімелесе отырып, өзінің денсаулығына қалай

қарау керектігін, ауырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін еске салады (неге мұзды ауызға алуға, аязды күні айқайлауға болмайды, ұзақ уақыт теледидар қарауға, жазда күн ыстықта қалпақ кию керек, су ішу керек, күннің астында ұзақ жүруге болмайды және т.б.). Басқа балалардың денсаулығына зиян тигізбеу үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үнемі еске салып отырады (өткір заттарды беруге болмайды, қайшыны бергенде сақинасы бар жағымен беру, бір-біріне көмек көрсету, басқалардың жұмысын, әрекетін келемеждемеу).

Тәрбиеші балалардың санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерді сақтауына жағдай жасайды. Балалардың денсаулығын сақтауға, шынықтыруға және дененің қорғаныс қабілетін арттыруға ықпал ететін шараларды жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру. Күн тәртібін, теңгерімді сапалы тамақтануды, таза ауада жеткілікті болуды қамтамасыз етеді, балалардың назарын үй-жайларда оңтайлы температураны ұстау және үнемі желдету қажет екеніне аударды.

Тәрбиеші балаларға балабақшада және аулада қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйретуді жалғастырады (олар нені ұстай алады және нені ұстай алмайды, қайда шығуға болады және болмайды, қандай заттар қауіп төндіруі мүмкін). Сырғанақ, әткеншек тебудің ережелері бар. Ылғалды ауа-райында дымқыл жапырақтардың үсті тайғанақ болуы мүмкін, сондықтан резеңке етік киген кезде абай болу керек. Дымқыл еденде тайғанап кетуге болатынын, сондықтан жуынған кезде су шашпау, еденге төгілген суды дереу сүрту керектігін түсіндіреді. Балаларға балабақша аумағынан жалғыз немесе бейтаныс ересектермен бірге кетуге, бейтаныс адамдардан тәттілер, ойыншықтар және т.б. алуға болмайтынын түсіндіру.

Педагог балаларды тұрмыстық техникамен таныстырады және олармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын ескертеді (телефон, теледидар, компьютер, фен, миксер және т.б.).

Педагог балалар мен ересектер арасындағы мейірімді қарым-қатынасты қалыптастыру жұмысын жалғастырады, ол үшін балалар мен ересектердің қарым-қатынастары мен сезімдері туралы айтылатын жағдаяттарды, балалардың түрлі әрекетін, көркем әдебиетті, ертегілер сюжеттері бойынша ойындарды, ән айтуды, сурет салуды, театрландырылған әрекеттің түрлерін қолданады. Балалар сезімдер әлемімен, адамдардың эмоционалдық күйлерімен (қуаныш, қайғы, қорқыныш, ашулану, рахаттану) танысады, оларды адамның бет-әлпетінен, ым-ишарасынан немесе дауыс интонациясынан байқауға үйренеді. Тәрбиешінің үлгісі бойынша балалар өз құрдастарының көңіл-күйлеріне эмоционалды түрде жауап береді; ертегілер мен әңгімелердің кейіпкерлеріне жанашырлық таныту; өнер туындыларына эмоционалды түрде жауап беру.

Тәрбиеші балалардың бірлескен ойындарға деген ұмтылысын қолдайды, құрдастарымен өзара әрекет етудің меңгерген тәсілдерін бекітуге көмектеседі (қатар отырып, тыныш ойнау, ойыншықтармен бөлісу, қызығушылықтары негізінде топтарға бірігу).

Тәрбиеші балаларға балабақшада жалпы қабылданған ережелерді

сақтау қажеттігін еске салады (амандасу, қоштасу, көмек үшін рахмет айту, көмек көрсету, өтінішті сыпайы түрде білдіру, ересектердің әңгімесіне араласпау); үйреншікті жағдайда балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда дербестігін қолдайды. Педагог балалардың өмірін моральдық нормаларды сақтау әдетінен ауытқымайтындай етіп ұйымдастырады: өзара көмек, ренжіген балаға жанашырлық таныту және ренжіген баланың әрекетімен келіспеу, мейірімді, әділ, жауапты болуға ұмтылу.

Педагог ата-аналарға топтағы балаларды қонаққа шақыруды, бір-бірімен белсенді қарым-қатынас жасауды, балаларды отбасы тақырыбына арналған ойындарға тартуды, сол арқылы олардың отбасы, туыстық қарым-қатынастар, отбасылық дәстүрлер, отбасы мүшелерінің үйдегі міндеттері туралы түсініктерін кеңейтеді; отбасы - баламен бірге тұратын барлық адамдар деген түсінік береді. Балалар фотосуреттерде немесе картиналарда бейнеленген адамдардың әртүрлі эмоционалдық күйлерін анықтауды және олардың көңіл-күйін отбасы өміріндегі белгілі бір оқиғалармен байланыстыруды үйренеді.

Тәрбиеші балаларға жабайы жануарлар табиғатта (орманда) мекен ететіні туралы түсінік береді, жануарларға қамқорлық танытуға үйретеді. Педагог жануарларды (құстар, аңдар, жәндіктер, балықтар) қамқорлықпен қарауды қажет ететін тіршілік иелері екенін (табиғат бұрышында және хайуанаттар бағында торларды қағуға болмайды, табиғат бұрышындағы жануарларды ұстамау, оларға ойыншық ретінде қарамау), аулаға ұшып келетін құстарды үркітуге болмайтынын түсіндіреді. Жануарлар адамнан қорқып, оны тістеп немесе тырнап алуы мүмкін екенін, сондықтан үй жануарларын да сипауға болмайтынын айтады.

Педагог табиғатта қауіпті өсімдіктер, жануарлар, саңырауқұлақтар бар екенін, сондықтан бейтаныс өсімдіктерді ауызға алуға, жануарларды ұстауға немесе аулауға болмайтынын айтады. Өз өңірінің кейбір қауіпті өсімдіктерімен және саңырауқұлақтарымен (мухомор) таныстырады - оларға қол тигізуге болмайды, бірақ олар табиғатқа да қажет, кейбір жануарлар олармен қоректенеді; бейтаныс жидектерді ұстамау және ауызға алмау. Сондай-ақ, бейтаныс үй жануарлары – мысықтармен, иттермен абай болу керек. Бала панасыз жануарларға жанашырлық тудырса да, қауіпті болуы мүмкін екенін түсінуі керек.

Тәрбиеші құстарды үркітуге, жануарларды ұстауға, бұтақтарды сындыруға, гүлдерді жұлуға, балабақша аумағына, саябаққа, алаңға қоқыс тастауға болмайтынын түсіндіреді және балама әрекеттерді ұсынады (жануарларды бақылау, гүлдерді иіскеу және оларды қарау қызықты, ауланы таза ұстау, ал қоқыстарды қоқыс контейнеріне тастау және т.б.).

Педагог балаларды тірі және өлі табиғат объектілерімен (су, ауа, құм, сазбалшық, тастар, жер (топырақ), өсімдіктер, саңырауқұлақтар, жануарлар) таныстыруды жалғастырады, қарапайым мысалдар арқылы табиғаттағы өзара байланыс туралы бастапқы түсініктерін қалыптастырады (гүлзарда өсіп тұрған гүлдерге су, жарық, жылу, құнарлы топырақ қажет, оларға түрлі

жәндіктер ұшып келеді, топырақта жауын құрттары тіршілік етеді, олар топырақты қопсытады; ағаштарды жаңбыр суарады, құрт ағаштың жапырақтарымен қоректенеді, аралар оның гүлдеріне қонады). Бөлме (сәндік) және жабайы өсімдіктер, үй және жабайы жануарлар туралы түсініктерін қалыптастырады: үй жануарлары адаммен бірге тіршілік етеді, адамдар оларға қамқорлық жасайды (жем, су береді); жабайы жануарлар табиғи жағдайда тіршілік етеді: қасқыр, қоян, кірпі, түлкі, аю (орманда); құндыздар, жабайы үйректер – көлді мекендейді.

Педагог балаларға көшені қай жерден және қалай кесіп өтуді, жерасты өткелін қалай пайдалану керектігін, бағдаршамның белгілері бойынша жүру тәртібін айтып береді. Балалар құрылыс жинағының бөліктерінен жасалған қала көшесінің макетінде немесе паннода, оның суреті бейнеленген плакатта жолдан өту жағдайларын ойнайды. Тәрбиеші балалармен велосипед тебу ережелерін талқылайды, велосипед тепкен кезде абай болу керек екенін айтады. Балабақша ауласында жол қозғалысы ережелері бойынша ойындар ұйымдастырады.

МЕКТЕПАЛДЫ ТОП, МЕКТЕПТЕГІ (ЛИЦЕЙДЕГІ, ГИМНАЗИЯДАҒЫ) МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП (5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР)

Білім беру міндеттері

- балабақшадағы мектепалды топта/мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды сыныпта эмоционалды жайлы микроклиматты қамтамасыз ету, балалардың жағымды эмоцияларға, белсенділік пен дербестікке деген қажеттілігін қолдау;

- қауіпсіздіктің түрлері - өмірлік, әлеуметтік, экологиялық, жол, өрт, ақпараттық және т.б. туралы түсінікті кеңейту және жүйелеу;

- жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігі туралы бастапқы түсініктер беру;

- қауіп-қатерлер себептерін анықтауға қызығушылықты қолдау, практикалық дағдыларды және қауіптерді еңсерудің негізгі тәсілдерін меңгеру. Қауіп-қатерлер мен адамның мінез-құлқы арасындағы байланысты орнатуға көмектесу;

- денсаулыққа қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету, олар туындаған жағдайда ересектердің назарын аударту тәсілдерімен таныстыру;

- әртүрлі жағдайларда (үйде және білім беру ұйымдарында, көшеде және қоғамдық орындарда, қоғамдық көлікте және экскурсия кезінде) қауіпсіз мінез-құлық ережелерін түсіну, қабылдау және қолдану үшін жағдай жасау.

Өмір қауіпсіздігі

- дене шынықтыруға жүйелі түрде тарту; қимыл тәжірибесін жетілдіру. Адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін қимылдың құндылығы, ептілік пен күштің, жылдамдықтың маңызы туралы түсініктерін кеңейту;

- адами құндылықтар ретінде өмір мен денсаулық туралы түсінікті

дамыту. Балалардың өмірі мен денсаулығына (өзінің және басқа адамдардың) катысты қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын жетілдіру;

- өзінің дене бөліктерін ажырата білуі және денсаулығына қызығушылықты дамыту. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға баулу;

- денсаулық үшін гигиеналық және шынықтыру шараларының, күн тәртібін сақтаудың, дене жаттығуларының, ұйқының, таза ауада серуендеудің маңызы туралы түсініктерін кеңейту және жүйелеу;

- адам денсаулығына зиян келтіретін факторлар туралы бастапқы түсінік беру (күн тәртібінің бұзылуы, ұйқының қанық болмауы, қозғалыстың және таза ауада жеткілікті болмау, артық тамақтану, нашар көңіл-күй, темекі шегу және т.б.);

- мәдени-гигиеналық шараларды өзбетінше және сапалы орындауға талпынысын қолдау;

- жарақаттанған немесе өзін жайсыз сезінген жағдайда ересектерден көмек сұраудың қажеттілігін түсінуге көмектесу, өзінің жағдайын сипаттай білу; жеңіл жарақаттар алғанда өзіне және басқа адамдарға қарапайым көмек көрсету тәсілдерімен таныстыру.

Әлеуметтік қауіпсіздік

- әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оң әлеуметтенуіне жағдайлар жасау;

- балаларды қоғамдағы қауіпсіз мінез-құлық және сенімді қарым-қатынас нормаларымен және ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Әр халықтың мәдениетінде нормалар әртүрлі болуы мүмкін екені, бірақ бұл адамдардың қарым-қатынас жасауына және бір-бірін түсінуіне кедергі келтірмейтіні туралы түсінік беру;

- қабылданған және мәнді әлеуметтік-мәдени нормалар негізінде түрлі әрекеттерде қауіпсіз ынтымақтастық тәжірибесін қалыптастыруға ықпал ету;

- қарым-қатынас мәдениетіне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін сақтауға тәрбиелеу;

- әрбір адамның (тұлға) белгілі бір міндеттері мен құқықтары бар екені туралы түсінік беру. Бала құқықтарымен және оларды қорғау тәсілдерімен таныстыру.

Жол қауіпсіздігі

- жолды мәдени құбылыс ретінде таныстыруды жалғастыру («Адам жолды қалай салды, дөңгелекті ойлап тапты және көлікті қалай құрастырды?»). Қалалық жолдың құрылысы мен қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ететін құрылыстар туралы түсінікті нақтылау;

- көлік, оның түрлері, атқаратын міндеті, ықтимал қауіп-қатерлер мен мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту;

- жолда және көлікте қауіпсіз мінез-құлықтың практикалық дағдыларын қалыптастыру;

- көліктегі және жолдағы қауіпсіздікпен байланысты жедел құтқару қызметінің жұмысымен таныстыру.

Өрт қауіпсіздігі

- отты мәдени құбылыс ретінде және оның адам өміріндегі маңызымен таныстыруды жалғастыру («Адам отты қалай жағады және оны қайда қолданады?»);

- адамның отты қалай басқаратыны (отқа арналған құрылымдар; отпен байланысты мамандықтар (аспаз, темір ұстасы, металлург, шыны үрлеуші және т.б.); тұрмыстық электр аспаптары), бұл жағдайда қандай қауіп-қатерлер туындауы мүмкін және олардың алдын алу туралы түсініктерін кеңейту;

- өрт қауіпсіздігімен байланысты жедел құтқару қызметінің жұмысымен таныстыру.

Экологиялық қауіпсіздік

- қауіпті табиғат құбылыстары мен адамдарға, табиғатқа, архитектуралық құрылыстарға, көліктерге, зауыттарға (көктайғақ, найзағай, боран, дауыл, су тасқыны, жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы және т.б.) төнетін қауіп-қатерлер арасында себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға ықпал ету;

- экологиялық мәдениет негіздерін, қоршаған ортада экологиялық сауатты мінез-құлық негіздерін қалыптастыруды жалғастыру, ресурстарды үнемдеудің бастапқы дағдыларын, табиғи жағдайларда және елді мекендерде табиғатты қорғау дағдыларын дамыту (демалыстан кейін қоқысты өзімен бірге алып кету немесе қоқыс жәшіктеріне тастау; саябақтарда, ормандарда, шалғындарда, су қоймаларының жағасында жануарларды үркітпеу).

Жеке тұлғаның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын балалар дамуының жас ерекшеліктері

Бес жастағы балалардың физикалық дамуы жетілдіріледі: физиологиялық функциялары мен процестері тұрақтанады, жүйке жүйесі нығаяды, қимыл, танымдық, әлеуметтік-мәдени және шығармашылық тәжірибесі байытылады. Осының негізінде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға байланысты міндеттер ауқымы кеңейіп, қоғамның қауіпсіздігі туралы негізгі түсініктер беріледі. Осының барлығы балаларға: әлеуметтік, экологиялық, өрт, жол, ақпараттық қауіпсіз өмір негіздерін меңгеруге бағытталған тәрбиелеу-білім беру жұмысының мазмұнын неғұрлым нақты құруға мүмкіндік береді.

Қимылдарды дамыту және қимыл белсенділігін қалыптастыру.

Бес жастағы балаларға әрекетінің мотивтеріне байланысты жылдам қимылдау тән болып келеді. Қажетті мотивтер баланың денсаулық, отбасы, қарым-қатынас, өзара әрекет, өзін-өзі дамыту және т.б. құндылықтарды түсінуімен байланысты. Балалар қимылдардың (әрекеттің) күрделі түрлерін, оларды орындаудың әртүрлі тәсілдерін, техниканың кейбір элементтерін меңгереді. Сонымен қатар, ептілік, үйлесімділік және жылдамдық көрсеткіштері айтарлықтай жақсарады. Бұл педагогке балалардың дербестік, белсенділік, бастамашылдық танытуына жағдай жасауына мүмкіндік береді. Балалар, басқа адамдар, табиғи және тұрмыстық объектілер үшін қауіпсіз мінез-құлық нормалары мен ережелерінің сақталуын бақылау маңызды болып табылады.

Дамудың әлеуметтік жағдайы әлеуметтік кеңістікті белсенді түрде зерттеумен, жақын адамдармен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатумен, диалогқа түсу және ықпал ету әрекеттерімен (әлеуметтік эксперимент) сипатталады. Баланың ата-аналармен және педагогтермен қарым-қатынасы жан-жақты және тұлғалық маңызды болып келеді - ересек ол үшін әлеуметтік танымның көзі, әртүрлі жағдайларда мінез-құлықтың эталоны ретінде әрекет етеді. Бес жастағы балалар өзін құрметтеуді, өзара түсіністікті, көзқарастардың ортақтығын қажет етеді және оларды тыңдамаса немесе олардың пікірімен санаспаса, ренжиді.

Балалардың достары көбейе бастайды. Бала басқа баланы біртұтас тұлға ретінде қабылдайды, оған қызығушылық танытады және онымен қарым-қатынас жасауға ұмтылады. Бірлескен әрекетте көптеген көрсеткіштері бойынша ересекпен тең түсе бастайды (мысалы, ол ойынды ұйымдастыра алады, құрастыру үшін қызықты тақырыптарды ұсынады). Қарым-қатынас үшін басқа баланың жеке қасиеттері маңызды болады: зейінділік, елгезектік, тиянақтылық. Баланың құрдастарымен қарым-қатынасының негізгі нәтижесі - оның дамып келе жатқан «Мен» бейнесі (мен басқа балалардың арасындамын, оларға ұқсаймын, бірақ мен басқалардан ерекшемін).

Балабақша тобындағы балалардың әлеуметтік рөлдері (көшбасшылар, жұлдыздар) тұрақты болады. Кейбір балалар бұл ұстанымдарға қарсы тұруға тырысады және көшбасшы болу үшін ойындарда және қарым-қатынаста жақсы серіктес болу керек екенін түсінеді. Ересек топ ішіндегі рөлдерді бөлуге ықпал ете алады.

Сюжетті-рөлдік ойын жетілдіріледі. Бес жастағы балалар адамдар арасындағы, адам мен табиғаттың, адам мен техниканың, оның ішінде ықтимал қауіп-қатерлер, оларды болжау және еңсеру туралы түсініктерге негізделген әртүрлі қарым-қатынастарды ынтымақтастықпен ойнайды (мысалы, «Поездағы өрт», «Тауға саяхат», «Автобустағы өрт» т.б.). Көбінесе ойындардың тақырыптары теледидар, радио және басқа ақпарат көздері (интернет, журналдар, жарнама, ересектердің әңгімелері) ұсынған ақпарат болып табылады. Ойындардың сюжетін балалар бірлесіп құрастырады және оны әрі қарай шығармашылықпен дамытады. Жоспарлы және ойластырылған ойын жүйелі болады, ол ұзақ, екі-үш сағаттан бірнеше күнге дейін созылуы мүмкін, балалар өз бастамаларымен ойынды қайта ойнаулары мүмкін және сюжетті одан әрі дамытады. Балалар фильмдерден, мультфильмдерден көргендерін, кітаптардан, ересектердің әңгімелерінен естігендерін ойындарда біріктіреді.

Психикалық даму

Белсенді әрекет арқылы баланың тұлғасы дамиды, танымдық процестері жетілдіріледі. Балалар өз әрекеттерін үйлестіріп, жоспарлай алады және алынған нәтиженің сапалы болуына назар аударады. Сенсорлық даму, түйсік, қабылдау процестері жетілдіріледі.

Ырықсыз есте сақтаудан ырықты есте сақтауға, еске түсіруге, қайта жаңғыртуға ауысу байқалады. Бес жастағы бала қайталауды есте сақтау әдісі

ретінде қолдана алады. Ұзақ уақыт бойы есте қалатын эмоционалды қызықты оқиғаларды оңай есте сақтайды. Бұл жаста механикалық есте сақтау және эйдетикалық есте сақтау жақсы дамыған – көрген заттың бейнесін есте сақтау; біртіндеп мағыналы есте сақтау қалыптасады. Есте сақтау сөйлеумен және ойлаумен бірігіп, зияткерлік сипатқа ие бола бастайды, бала талқылайды, қорытынды жасайды, ойын айтады. Адамның денесі, өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі балаларды қызықтыратын интеллектуалды жаңалықтардың мазмұнын береді, оларда «түсінікті» және «түсініксіз» ұғымдар біріктіріледі, бақылау жүргізіледі, болжамдар жасалады. Бес жастағы балаларға ойлау және талқылау үшін мынадай сұрақтарды қоюға болады: «Адам не үшін ұйықтайды және неге түс көреді? Адам шашы мен тырнағын алмаса қандай күйге түседі? Неліктен адам құс сияқты ұша алмайды? Жер шарындағы ең ... (ұзын, ауыр, жылдам, күшті және т.б.) адам кім? Адамға қол (аяқ, көз, құлақ, тіл, жүрек және т.б.) не үшін қажет? Бір минутта не істеуге болады?».

Кеңістікте бағдарлауда елеулі өзгерістер болады – бала өз денесін, оң қолын анықтайды, бөлмеде бағдарлайды, негізгі кеңістіктік сипаттамаларын (алыс немесе жақын, жоғары немесе төмен, артында немесе алдында) анықтайды. Уақытты бағдарлау әлі де қиындық келтіреді: бала режимдік сәттерді қабылдаудан апта күндері мен жыл мезгілдерін қабылдауға көшеді, қазіргі уақытта болып жатқанды түсінуге тырысады, бірақ келешекті бағдарлай алмайды.

Көрнекі-бейнелі ойлау жетілдіріледі, дегенмен, осы жаста сөздік - логикалық ойлаудың негізі қаланады, балалар өздеріне таныс жағдайларда басқа адамның ұстанымын түсіне бастайды, балалар басқа адамның ұстанымын қабылдайды және түсінеді, объектіні әртүрлі қырынан қабылдай алады.

Қиял балалар әрекетінің түрлерінде, ойында және көркем-өнімді шығармашылықта көрінеді. Бала белгілерді қолдана бастайды - шынайы заттарды, құбылыстарды, жағдайларды ойдан шығарылған нәрселермен ауыстырады. Бұл балаларды шартты белгілермен таныстыруға мүмкіндік береді - рұқсат ететін, тыйым салатын, нұсқаушы (жол, экологиялық, әлеуметтік, тұрмыстық). Бала санасында заттың бейнесін заттың өзінен бөліп, сөзбен белгілейді. Бала «жол», «от», «үй» бейнелері сәйкес сөзбен, түсінікпен белгіленетінін біледі. Бес жастағы баланың аффективті қиялында психологиялық қорғаныс механизмдері қалыптаса бастайды, мысалы, өзінің теріс қылықтарын басқаға ысыруы пайда болады, бұл жастағы бала қиял әлеміне ене алады.

Бала зейінін шоғырландыра алады, оның көлемі артады.

Баланың эмоционалды аясы тұрақты болады, ол өзінің мінез-құлқындағы және қоғам өміріндегі нормалардың мәнін түсінеді, өзінің мінез-құлқы мен эмоцияларын қабылданған нормалармен және ережелермен байланыстыра алады. Бес жастағы балаға ашықтық, шынайылық, әсерленгіштік, таңдаулы қарым-қатынастар тән. Баланың жеке басының дамуы қарым-қатынас арқылы, өзін басқа балалармен салыстыру барысында

жүзеге асады. Баланың топта қандай орынға (әлеуметтік рөлге) ие болуына байланысты оның өзін-өзі бағалауы қалыптасады, ол тұрақты болып, әрекетін анықтай бастайды. Мектепалды жаста мінез-құлықты ішкі басқаруы күрделене түседі. Мотивтер ерікті және мінез-құлықтың тұрақтылығын қалыптастырудың психологиялық негізі болып табылады. Бес жастағы балалар мақсат қоюда, әрекетті жоспарлауда және ұйымдастыруда белсенділік танытады, ерік сапасының әлеуметтік бағдары дамиды. Сөйлеудің дамуы айтарлықтай жоғары деңгейге жетеді. Сөздік қоры кеңейеді. Лексиканы байыту жалғастырылады, оның сапалық жағына ерекше назар аударылады: сөздік қор ұқсас (синонимдер) немесе қарама-қарсы (антонимдер) мағыналы сөздермен, сондай-ақ көп мағыналы сөздермен толықтырылады. Балалар түрлі мәтіндерді құруды белсенді түрде меңгереді: сипаттау, әңгімелеу, талқылау. Байланыстырып сөйлеуді дамыту барысында балалар сөйлемдердің құрылымын сақтай отырып, сөйлем ішінде, сөйлемдер арасында және сөйлем мүшелері арасында сөздерді байланыстырудың әртүрлі тәсілдерін белсенді қолдана бастайды.

Күтілетін нәтижелер:

Бес жаста бала:

- жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелерін біледі және сақтайды (үйде, білім беру ұйымдарында, қоғамдық орындарда, көшеде, табиғатта); жеке бас қауіпсіздігінің негізгі ережелерін біледі және сақтауға тырысады;

- салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие, дені сау болу үшін не қажет деген сұраққа жауап бере алады (жаттығулар жасау, дене шынықтырумен айналысу, пайдалы тағам жеу, дәрігерге бару, шынығу және т.б.); өмір мен денсаулықтың құндылығын түсіне бастайды;

- негізгі гигиеналық шараларды дербес және дұрыс орындайды (серуеннен кейін, тамақ ішер алдында қолды жуады, майлық, қол орамалды пайдаланады, ұқыпты және жинақы болуға талпынады), өзбетінше киінеді және шешінеді, гигиена мен адам денсаулығының байланысы туралы біледі;

- жаңа заттарға ұқыпты қарайды, алдымен олар туралы білу керек екенін, содан кейін оларды қолдану керектігін біледі;

- ауырған, жарақат алған немесе өзін жайсыз сезінген жағдайда ересектің көмегіне жүгіне алады; өзінің жағдайын сипаттай алады;

- өзінің қылықтарын және айналасындағы адамдардың (балалар мен ересектердің) қылықтарын жалпы қабылданған ережелерге сәйкес бағалай алады;

- жақындарының жанашырлық танытуын сезінеді, айналасындағылардың эмоционалдық жағдайын түсінеді, жанашырлық пен көмекке дайындығын көрсетеді;

- құрдастарымен келісе алады, заттармен алмасуды, әрекеттерді, ойындағы рөлдерді бөлісуді біледі, даулы жағдайларды (сөйлесу арқылы) шешуге ұмтылады;

- қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіре алады, белгілі

бір жағдайлар өзгерген кезде оның салдарлары туралы талқылауға тырысады;

- экспериментке қызығушылық танытады, «Неге?», «Не үшін?», «Қалай?», «Қайдан?» деген сұрақтар арқылы білуге құмарлықты, танымдық белсенділікті көрсетеді;

- оң көзқарасты сақтай отырып, қиын жағдайлардан өз бетінше шығуға ұмтылады; қиындықтарды еңсерудің әртүрлі тәсілдерін біледі және қолдануға тырысады;

- жас ерекшеліктеріне сәйкес дене қасиеттері мен негізгі қимылдардың дамуының жеткілікті деңгейін көрсетеді;

- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады, табиғатты қорғау шараларына қатысуға (қыста құстарды қоректендіру, өсімдіктерді отырғызу, суару, жануарды қоректендіру және т.б.) талпынады, білім беру ұйымының аумағында серуендеу кезінде гүлдерді, көбелектерді, жапырақтарды тамашалайды; табиғаттағы дыбыстарды ести алады;

- қауіпсіз мінез-құлық пен ресурстарды үнемдеудің кейбір дағдыларын тәжірибеде қолданады, қауіпті (улы) өсімдіктердің, жануарлардың, саңырауқұлақтардың бар екенін біледі.

Қауіпсіздік мәдениеті

Педагог балалармен өз денсаулығын күту және басқа балалардың денсаулығына зиян келтірмеу (лас қолмен тамақ ішпеу, біреудің қасығымен тамақ ішпеу немесе біреудің тәрелкесіндегі тамақты өзінің қасығымен ішпеу, жөтелгенде немесе түшкіргенде аузы мен мұрынын жабу) туралы әңгімелеседі. Балаларға неліктен тәттілерді көп жеуге болмайтынын, жемістер мен көкөністерді, сүт өнімдерін көп пайдалану керектігін айтады.

Кез келген дәрі-дәрмектер мен дәрумендерді ересектің рұқсатымен ғана қабылдауға болатынын, теледидарды ұзақ қарауға болмайтынын ескерту. Балалармен ауа-райына байланысты серуендеуге қалай дұрыс киінуді, дене шынықтыруға қандай киім таңдауды талқылайды.

Тәрбиеші балалар арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту бойынша жұмысты жалғастырады; айналасындағы ересектер мен балаларға қызығушылық танытуды және назар аударуды, бірлескен ойындарға талпынысын, жұппен немесе шағын топта өзара әрекет етуді қолдайды. Ынтымақтастық тәжірибесі жинақталады, балалар әртүрлі мазмұндағы: ойын, еңбек әрекеті, құрастыру, дене шынықтыру, театрландырылған әрекет, сурет салу және жапсыру бойынша тәрбиеші ұйымдастыратын кіріктірілген әрекеттерге қатысады. Педагог балаларды алған әсерлерімен, қуаныштарымен бөлісуге, жылы сөздер айтуға үйретеді. Тәрбиешінің қолдауымен балалар бірлескен әрекет дағдыларын меңгереді: ортақ мақсатты қабылдайды, әрекет ету тәсілдерін келіседі, әрекет етуде бір-біріне көмектеседі, «ортақ нәтиже» үшін жұмыс істейді, жауапкершілікті бөліседі, нәтиже мен қарым-қатынасқа өз көзқарасын білдіреді. («Барлығы бірге жұмыс істеді, бір-біріне көмектесті, сыпайы сөйлесті, әдемі үй салды»).

Әртүрлі адамдардың эмоционалдық күйлерін түсіну, адамдарға мейірімділік пен қамқорлық көрсетуді дамыту бойынша жұмыс жалғасады.

Тәрбиеші балаларды адамдардың мінез-құлқы мен олардың эмоционалдық күйі арасындағы байланысты анықтауға үйретеді, жақын адамдар мен балалардың эмоционалдық күйлерін және белгілі бір жағдайларда олардың тәжірибесін болжауға және сезінуге ұмтылуын дамытады. Балалар тәрбиешімен бірге зейінді және эмоционалды елгезектікті талап ететін жағдайларға қатысады, ренжіген, қорыққан, ашуланған адамға қалай көмектесу керектігін талқылайды.

Балалардың ересектерге және құрдастарына қатысты балабақшада, үйде, қоғамдық орындарда мәдени мінез-құлық ережелері туралы түсініктері кеңейтіледі. Сыпайылықтың қарапайым дағдылары қалыптасады (амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, көмек көрсету). Тәрбиеші балаларды мәдени мінез-құлық үлгілерін құру үшін ойын және практикалық жағдаяттарға тартады (сыпайылықпен қалай көмек сұрау керек, қалай көмек көрсету керек; қоғамдық көлікте, театрда, дүкенде өзін қалай ұстау керек; сыйлық беру және т.б.). Әңгімелесу барысында тәрбиеші балалармен мәдениетті мінез-құлық ережелерін талқылап, оларды не үшін сақтау керектігін түсіндіреді.

Педагог балаларға көліктегі қауіпсіздік ережелері туралы айтады (автобустың, троллейбустың, поезд вагонының ішінде жүгіруге болмайды; көлік жүрген кезде тұтқадан ұстау керек); жолдың жанындағы тротуарда (доп ойнауға, жүгіруге немесе басқа адамдарды итеруге болмайды); автотұрақтарда және тұрақтарда (сақ болу, өйткені көлікті жүргізіп кетуі мүмкін) т.б. Бақыланатын өткелде көшеден өту ережелерін бекітеді. Көліктің қоршаған ортаға әсерін сипаттайды.

Тәрбиеші балаларды қоғамдық орындарда тәртіп ережелерімен таныстырады (адасып қалмау үшін не істеу керек, неге үлкендердің жанынан кетпеу керек, қатты айқайлауға болмайды және т.б.). Бейтаныс адамдарға жолыққанда не істеу керек екенін ескертеді.

Педагог балалардың бойында баланың өзі үшін де, қоршаған орта үшін де экологиялық қауіпсіз және сауатты мінез-құлықтың негізгі дағдыларын қалыптастырады: табиғи объектілерге қамқорлықпен қарау, олармен табиғи және адам қолымен жасалған ортада мінез-құлық ережелерін тұжырымдайды (демалыста не істеуге болады және не істеуге болмайды, жарықты не үшін сөндіру керек, есікті жауып жүру, қоқыстарды шашпай, тазарту және т.б.), білім беру ұйымының ауласында өсімдіктердің көп екеніне назарларын аударады, балабақшада, мектепте немесе үйде су сүзгілері қолданылатынын айтады.

Тәрбиеші балалармен тәжірибелер жүргізіп, қоқысты не үшін сұрыптау керектігін көрнекі түрде көрсетеді. Балаларға неліктен заттарды қайта пайдалануға болатыны және артық заттарды сатып алмау керектігі туралы әңгімелейді. Балаларды заттарды үнемді пайдалануға үйретеді (тамақты жей алуына байланысты ал, ойыншық немесе сурет салу үшін қажет қағазды ал, кетер кезде жарықты өшіру, суды ысырап етпеу, заттарды шашпау, т.б.).

Педагог балалар мен ата-аналарға қалада, саябақта, өзен жағасында демалу үшін қауіпсіз орындарды қалай таңдау керектігін түсіндіреді, балалармен бірге жақын жерден осындай орындарды іздейді. Балалардың

судағы қауіпсіз мінез-құлқы ережелері туралы білімдерін бекітеді (үрлемелі сақинаны, қол қорғағыштарын, құтқару кеудешесін пайдалану қажеттілігі). Серуендеуге және суға шомылу үшін экологиялық қауіпсіз аумақтарды қалай таңдау керектігін түсіндіреді.

Адамдардың мінез-құлқы мен қоршаған ортаның жағдайы арасындағы байланыс туралы түсініктерін қалыптастырады (егер өзенді ластасақ, оны мекендеушілердің көпшілігі тіршілігін жояды; мен орманға қоқыс тастасам, онда ...) және табиғатқа, адамның мінез-құлқына, сондай-ақ ресурстарды үнемдеуге қатысты экологиялық сауатты және қауіпсіз мінез-құлқы дағдыларын (суды, энергияны, жылуды үнемдеу) дамытады.

Балаларды қауіпті (улы) өсімдіктермен, саңырауқұлақтармен, жануарлармен таныстыруды жалғастырады, сонымен бірге оларды сақтау қажеттігін түсіндіреді. Құстардан және жануарлардан, оның ішінде үй жануарларынан (олар ауру жұқтыруы, тістеп алуы мүмкін) сақ болу керектігі туралы әңгімелейді. Жануарларға азық бергеннен кейін, бау-бақшада жұмыс істеп болғаннан кейін қолды жуу керек екенін ескертеді, оны қалай орындау керектігін көрсетеді.

Табиғатта бақылау ұйымдастыру кезінде тәрбиеші балаларды мінез-құлқы ережелерімен («Зиян келтірме»!) таныстырады: өсімдіктерді жұлға, гербарий жинауға, жәндіктерді, өрмекшілерді өлтіруге, құмырсқалардың илеулерін, құстардың ұяларын және т.б. бұзуға болмайды, тыйым салу ережелері үшін әрқашан балама белгілер беріледі: құмырсқаның илеуін бұзбай, құмырсқаларды бақылауға болады, көбелектерді аулауға болмайды, бірақ олардың ұшуын бақылап, әдемілігін тамашалауға болады.

Балаларда әртүрлі сезім мүшелерінің қатысуымен қоршаған ортадағы заттарды зерттеуде айтарлықтай тәжірибе жинақталады. Тәрбиеші кеңістікті әртүрлі сенсорлық ақпаратты жеткізетін заттармен толықтырады және балаларды айналадағы заттарды өзбетінше тануға тартады, сол арқылы балалардың білімге деген қызығушылығын дамытады, қоршаған әлем туралы сенсорлық білімнің жинақталған тәжірибесін жүйелеуге және жалпылауға көмектеседі.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҰСЫНЫМДАР

Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру тәрбиеленушілердің білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі ұйым, мектеп, лицей және гимназия) болған кезінде – түрлі режимдік сәттерде жүзеге асырылуы мүмкін.

Білім беру бағдарламасын табысты іске асыру үшін балалар әрекетінің келесі түрлерін қолданған абзал:

- мәдени-гигиеналық шаралар;
- таза ауада серуендеу;
- эксперимент жүргізу;
- жағдаяттық әңгімелер (әңгімелесу, талқылау, пікірталас);

- қимылды ойындар;
- дидактикалық ойындар;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- театрландырылған әрекет (көлеңке, қуыршақ, саусақ театры, үстел үсті және т.б.);

- адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мамандармен (дәрігерлер, өрт сөндірушілер, полиция қызметкерлері, төтенше жағдайлар қызметі және т.б.) кездесулер ұйымдастыру және олармен әңгімелесу;

- тақырыптық экскурсиялар;
- виртуалды саяхат.

Жылы мезгілде (көктемде, жаз, күзде) ұсынылған балалар әрекетінің түрлерін таза ауада өткізген жөн. Кейбір әрекет түрлерін музыка немесе дене шынықтыру залында, бассейнде және мектепке дейінгі ұйымның басқа үй-жайларында өткізу ұсынылады.

Барлық жас топтарында, күннің әртүрлі бөліктерінде қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен нормаларын жақсы есте сақтауға және меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оларды практикалық әрекетте бекітуге мүмкіндік беретін ойындар мен жаттығуларды өткізу керек.

Ұсынылатын ойындар балаларды қызықтырып қана қоймай, мазмұны жағынан да алуан түрлі болуы керек. Ойындардың кейбіреулері ұжымдық сипатта болуы мүмкін (мысалы, «Құтқарушылар», «Өрт сөндірушілер жаттығады», «Назар аударыңыз! Бағдаршам!» және т.б.), ойындарды жұппен, шағын топпен ұйымдастыруға болады («Суреттерді орналастыр», «Зиянды және пайдалы азық-түліктерді атау», «Улы саңырауқұлақтарды табу», «Улы өсімдіктерді тану» және т.б.). Бұл тәсіл тәрбиешіге түрлі уақытта балаларда қауіпсіздік ережелері мен нормаларын қалыптастыру үшін ойындарды: таңертең және кешке – жеке және дербес әрекетті, күні бойы – ұйымдастырылған іс-әрекетті, күннің екінші жартысында – бағдарламалық міндеттерді шешу түрлі балалар әрекетін қолдануға мүмкіндік береді. Ішінара қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен нормаларын бекітуге арналған ойындарды балалар әрекетінің басқа түрлері арқылы жүзеге асыруға болады, мысалы: «Компас менің досым», «Жоспар бойынша көшені табу» ойындарын, сонымен қатар: «Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз өсімдіктерді салыстыр», «Айсұлудың саңырауқұлақтарын санайық» және т.б. жаттығуларды математика негіздері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдануға болады.

«Өсімдікті сипаттап бер», «Зиянды-пайдалы», «Суретте бейнеленген заттардың қауіпті немесе қауіпсіз екенін көрсет» және т.б. жаттығуларды сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша міндеттерді іске асыруда пайдалануға болады.

Педагогтің қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша балаларға арналған шығармаларды оқуы және талдауы көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Балаларды қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру міндеттерін шеше отырып, олардың физикалық қасиеттерін дамытуда: «Бағдаршам», «Өрт сөндірушілер жаттығады», «Кім жылдам», «Құтқарушыларды шақырайық» қимылды ойындарды қолдану керек.

Сюжетті-рөлдік ойындарға ерекше назар аудару керек, өйткені олардың барысында балалар қажетті ережелерді меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар оларды күнделікті өмірде қолдануға үйренеді және тікелей практикалық тәжірибе алады. Ойындар: «Дәріхана», «Аурухана», «Өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар» және т.б..

Осылайша, баланың қауіпсіз мінез-құлқының нормалары мен ережелерін қалыптастыру бойынша міндеттер түрлі балалар әрекеті арқылы және бала мектепке дейінгі ұйымда болғанда әртүрлі уақытта іске асырылуы мүмкін. Алайда, жұмыс барысында педагогке қосымша талаптар қойылады, мысалы, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, шығармашылық әрекет және т.б.) өткізу кезінде балалардың санау дағдыларын дамытуға ғана көңіл бөлмей, (мысалы, «Айсұлу қай өсімдіктерді көбірек тапты» жаттығуы), объектілерді жүйелі түрде сипаттау («Өсімдіктерді сипаттап бер»), шығармалардың (көркем әдебиет) мазмұнын қайталап айтып беру, сонымен қатар адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі мәселелеріне байланысты талдау жасау, яғни, қандай белгілер көбінесе улы өсімдікті көрсетеді, мұндай өсімдіктер неге қауіпті, оларды жоюға бола ма және т.б. Осы аспектілер әрекеттерді (балаларда қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қалыптастыру міндеттері және белгілі бір ұйымдастырылған іс-әрекетте білім мен дағдыларды дамыту міндеттерін бір мезгілде шешу: математика негіздері, сөйлеуді дамыту сурет салу және т.б.) кіріктіруді көздейді.

Қимылды, дидактикалық және сюжетті-рөлдік ойындарды қолдану ұсынылады.

Мысалы, «Бағдаршам» қимылды ойынның басында (қажет болған жағдайда, соңында) балалармен жол қозғалысы ережелері (жол қозғалысы ережелері неліктен сақтау керек, оларды сақтамау қандай зардаптарға әкелуі мүмкін) талқыланады.

«Дәріхана» сюжетті-рөлдік ойынында балалардың назарын дәрілік заттарды қолдану ережелеріне, дәрінің бір мезгілде пайдалы және зиянды болуы мүмкін екендігіне аударады, сондықтан дәрігердің ұсыныстарын сөзсіз орындау қажет, балаларды дәрілік өсімдіктермен таныстыру және т.б..

Балаларда қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен нормаларын қалыптастыру алғашқы көмек көрсету, әртүрлі жазатайым оқиғалардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру сияқты мәселелерді талдауға арналуы керек. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысында балаларға құтқару қызметі мен жедел жәрдем туралы ақпарат беру, құтқару қызметінің телефон нөмірлерін пайдалануды үйрету, телефон арқылы жазатайым оқиғаның мәнін түсіндіруге жаттықтыру керек, балалар үйдегі, көшедегі және табиғаттағы негізгі қауіпсіздік ережелерімен танысады.

Режимдік сәттерде (гигиеналық, тамақтану) балаларды денеге және

ауыз қуысына күтім жасау нормаларымен, ережелерімен таныстыру, зиянды және пайдалы тағамдар, тамақтанудың адам өміріндегі рөлі туралы түсінікті дамыту керек.

Мектепке дейінгі ұйымда шынықтыру шараларының маңызы өте зор, оларды өткізуде педагог әрбір шараның маңызын, оның адам ағзасына әсерін айтады.

Баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қалыптастыруға бағытталған шарттың бірі - мектепке дейінгі ұйым жағдайында және отбасында алған білімдерін бекіту. Осы мақсатта педагог аталған мәселе бойынша отбасымен жұмыс жүргізуді көздеуі тиіс.

Ең алдымен ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның «Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бағдарламасын іске асыруы туралы хабардар ету керек. Бағдарламаны оқу жылының басында ата-аналар жиналысында талқылау ұсынылады. Педагог ата-ананың кез келген сұрағына жауап беруге дайын болуы керек. Жыл бойы ата-аналар бағдарламаның қандай міндеттері жүзеге асырылып жатқанын білуі тиіс. Осы мақсатта ата-аналар бұрыштарында, жылжымалы папкаларда, мектепке дейінгі ұйымның сайтында және балабақшаның әлеуметтік желілерінде бағдарлама мазмұнын іске асыру туралы ақпарат орналастырылуы қажет. Бағдарламаның мазмұны бойынша педагог ата-аналарға арналған әдебиеттерді таңдап алады, қосымша ата-аналар жиналысын, жеке консультациялар өткізеді.

Ата-аналарға ұсынылатын материалдар жалпы сипаттағы ақпаратты ғана емес, сонымен қатар отбасы жағдайында баламен жұмыс жүргізу бойынша нақты ұсынымдарды, ата-аналар баламен талқылай алатын балалар әдебиетінің тізімін, отбасымен көруге ұсынылатын телебағдарламаларды, қолданылатын құралдары жасауға оңай дидактикалық ойындардың түрлерін қамтуы керек.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бағдарламасын іске асыру үшін отбасымен жұмыс жүргізуге мектепке дейінгі ұйымның психологы, меңгеруші мен әдіскер белсене қатысуы қажет, әсіресе психологтың рөлі ерекше болуы мүмкін. Психолог ата-аналар үшін жер сілкінісі, су тасқыны, лай көшкіні, өртке байланысты, яғни төтенше жағдайларда балалардың қорқынышын еңсеру бойынша кеңестер дайындай алады. Меңгеруші мен әдіскердің міндеті Бағдарламаны жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық базаны қамтамасыз ету.

Ата-аналар мен балабақша тәрбиешілері бірге бағдарлама мазмұны бойынша мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыруы балалар үшін қызықты болып табылады. Мұндай ойын-сауықтарды әртүрлі маусымда өткізуге болады, оларды «Құтқарушылар күні» (19- қазан), «Полиция күні» (23-маусым), «Медицина қызметкерлері күні» (маусымның үшінші жексенбісі) және т.б. атаулы күндермен сәйкестендіруге болады.

Осылайша, барлық іс-шаралар бірыңғай кешенде баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын қалыптастыруға бағытталған біртұтас жүйені ұсынуы керек. Осы жағдайда ғана ересек

баланың қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгергеніне көз жеткізе алады және қауіп төнген жағдайда оның абдырап қалмауына, өзінің және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігі үшін алған білімі мен дағдыларын қолдана алатынына сенімділік танытады.

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫМЕН ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Бұл бағдарламаның тиімді іске асырылуы көп жағдайда ересектердің жағымды үлгісіне байланысты. Педагогтер мен ата-аналар (заңды өкілдер) үнемі балаларға дұрыс, өнегелі үлгі көрсетуі керек. Ата-аналар мінез-құлық ережелерін өздері ұстанбайтын болса баласынан оларды сақтауды талап ете алмайтынын түсінуі маңызды (мысалы, егер ата-аналар өздері қол орамалды қолданбаса, балаларға оны түсіндіру қиын). Педагог пен ата-ана арасында толық өзара түсіністік болуы керек, өйткені мектепке дейінгі ұйымда және үйде балаларға қойылатын талаптардың әртүрлі болуы оларда алаңдаушылық, реніш, тіпті агрессия тудыруы мүмкін.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты – балалардың қауіпсіздігі мәселесінің өзектілігі мен маңызын түсіндіру, осы мәселе бойынша ата-аналардың білім деңгейін арттыру, отбасында таныстыруды қажет ететін ережелердің ауқымын белгілеу.

Ата-аналар жиналыстарында көрнекі үгіт-насихат арқылы ересектердің моральдық жауапкершілігін атап өту керек. Ата-аналармен жұмыс жүргізуде ата-аналардың өздері балаларына жол тәртібінің талаптарын орындауда үлгі болуын айту керек, өйткені мектеп жасына дейінгі балалар мінез-құлық ережелерін бұзуды ең алдымен ересектерден үйренеді. Ата-аналарға жеке және топтық консультациялар түрлі мәселелер бойынша жүргізіледі: балаларға қандай кітап оқу керек, көшеде қауіпсіз мінез-құлық ережесін сақтау бойынша үйде баламен қалай жұмыс істеу керек, баламен қандай үстел үсті ойындарын ойнауға болады. Жиналыстарда балалардың жолда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға қатысты мәселелерді талқылау.

Педагогтердің ата-аналармен жүргізетін жұмысы бойынша мынадай бағыттарды ұсынуға болады:

- ата-аналарды бірлескен жұмыс туралы хабардар ету және олардың белсенді қатысуын ынталандыру үшін жиналыстар (жалпы және топтық) ұйымдастыру;

- ата-аналарды ұсынылған бағдарлама бойынша балабақша жұмысымен таныстыру (жиналыстар, ашық есік күндері, арнайы көрмелер, тақырыптық бейнероликтер);

- ата-аналардың қатысуымен әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру (оның ішінде медициналық қызметкердің, полиция қызметкері мен өрт сөндірушінің кәсіби тәжірибесін қолдану);

- ата-аналарды балалардың бағдарлама мазмұнын меңгеру

нәтижелерімен таныстыру (ашық есік күні, әртүрлі жалпы шаралар, «ата-аналар бұрыштарында» ақпараттар орналастыру).

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс нысандары:

- «Абайлаңыз, от!» ақпараттық стенд әзірлеу;
- жер сілкінісі кезінде өзін қалай ұстау керек екені; лаңкестік әрекеттің құрбанына айналуға қалай құтылуға болатыны; кепілге алынған жағдайда немесе көшеде шабуыл жасалған жағдайда қалай әрекет ету туралы жаднамалар;
- ата-аналар отырысы: «Өрт-тілсіз жау», «Өзіңе көмектес» (аутотренинг тәсілдерімен таныстыру);
- өрт қауіпсіздігі тақырыптарына арналған консультация үстелі;
- жазатайым оқиғалар және өрт болған кезде күйік шалғанда алғашқы көмек көрсету бойынша медбике кеңесі;
- полиция қызметкері мен өрт сөндіру инспекторының қатысуымен ата-аналар жиналысы;
- «Егер адасып қалсаң» жаднама: бала адасып қалған жағдайда не білуі керек (тегі, аты, мекенжайы, үй телефоны, ата-анасының тегі, аты);
- консультация: «Шыршаны дұрыс орнату» (қауіпсіздік ережелерін ескеру);
- ата-аналар жиналысы: «Балалардың қауіпсіздігі – баршаға ортақ іс».

ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІК ДАМУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Тәрбиеленушінің мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру балалардың танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға ықпал етуі керек, ол балалардың қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты ережелері туралы білімдерін қалыптастыру міндеттерін тиімді іске асыруға байланысты.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта:

- бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;
- тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы;
- балалардың эмоционалды жай-күйі мен тұлғасын дамытуға жағдайлар жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т.б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;
- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс

Жиһаз бен жабдықтар баланың бойына және жасына сәйкес келуі, қауіпсіз, эстетикалық тұрғыдан тартымды денсаулыққа зиян келтірмейтіндей және балаларды дамытатындай болуы керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ойыншықтары мен ойынға арналған материалдар:

- қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету талаптарына сәйкес

болуы;

- белгілі бір жастағы балалардың дамуына ықпал етуі;
 - үнемі жаңартылып отыруы, заттардың тартымды және мықты болуы;
 - жеткілікті мөлшерде (топтағы барлық балалар үшін), әртүрлі болуы
- (әр баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыра алуы),
- балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуі қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдардың және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында педагогтер қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым негіздерін қалыптастыру бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруда. Бұл жұмыс түрлі балалар әрекеттерінде: ұйымдастырылған іс-әрекетте, ойын, дербес, шығармашылық және ересектермен бірлескен жұмыста жүзеге асырылады.

АКТ-ны қолдану қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгеруге мол мүмкіндіктер береді. Компьютерлік техниканы қолдану тәрбиелеу-білім беру процесін түрлендіруге, оны неғұрлым жарқын, көрнекі және бай етуге ықпал етеді. Мультимедиялық презентацияларды қолдану тәрбиеленушілерге өмірдегі шынайы оқиғалар мен құбылыстарды көрсетуге, қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл бағытта жұмыс жүргізуге ата-аналарды да (заңды өкілдер) тарту қажет. Педагогтар мен ата-аналардың (заңды өкілдердің) бірлескен жұмысы арқылы мектеп жасына дейінгі балалар күнделікті өмірде, табиғатта, қала көшелерінде абай болуға тырысады, адам мен қоршаған әлем үшін қауіпсіз мінез-құлық негіздерін меңгереді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық;
4. Безопасность: Учебное пособие по основам безопасности жизнедеятельности детей старшего дошкольного возраста. Авдеева Н. Н., Князева Н. Л., Стеркина Р. Б. — СПб.: «ДЕТСТВО-ПРЕСС», 2004.— 144 с.;
5. Агурицева, Е.А., Баландина, Л.А. Комплексная безопасность в дошкольной образовательной организации. Информационно методическое обеспечение: Практическое пособие. [Текст]. / Под ред. А.К. Сундуковой. — М.: ИД «Цветной мир», 2014.;
6. Лыкова И.А. Парциальная образовательная программа для детей дошкольного возраста «Мир без опасности», М.: ИД «Цветной мир», 2017.

Мазмұны

1	Түсіндірме жазба	2
2	Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	3
3	Бағдарламаны қалыптастырудың қағидалары мен тәсілдері	4
4	Ортаңғы топ	5
5	Ересек топ	11
6	Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып	19
7	Бағдарламаны іске асыру бойынша негізгі ұсынымдар	27
8	Тәрбиеленушілердің отбасымен өзара ынтымақтастық	31
9	Заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру	32
10	Қорытынды	34
11	Әдебиеттер тізімі	35

*Разработано на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Образовательная программа «Обеспечение безопасности детей дошкольного возраста». – Астана, 2024. - 73 стр.

Рецензенты:

Жиенбаева С.Н., д.п.н., профессор

Джуматаева А.Д., заведующая

Мухиденова Ж.А., методист

Образовательная программа «Обеспечение безопасности детей дошкольного возраста» содержит материал по воспитанию навыков безопасного поведения в условиях стихийных бедствий и чрезвычайных ситуаций.

Пособие рекомендовано руководителям, методистам, а также воспитателям дошкольных организаций и предшкольных классов общеобразовательных школ (лицеев, гимназий), а также родителям (законным представителям) воспитанников.

Образовательная программа рассмотрена и рекомендована Научно методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 1 от 12 февраля 2024 года).

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

В современном мире никто не застрахован ни от техногенных катастроф, ни от стихийных бедствий. Сегодня сама жизнь доказала необходимость обучения не только взрослых, но и детей дошкольного возраста основам безопасности жизнедеятельности. Ведь в условиях социального, природного и экологического неблагополучия естественная любознательность ребенка в познании окружающего мира может стать небезопасной для него.

Поэтому необходимо сформировать у ребенка сознательное, самостоятельное и ответственное отношение личной безопасности и безопасности окружающих, воспитывать готовность к эффективным, обоснованным действиям в неадекватных ситуациях.

Основная задача, это вложить в сознание детей мысль о том, что поведение на улице, на дорогах, в общественном транспорте, на природе, при обращении с огнем и т.п. требует неукоснительного повиновения правилам безопасности, то есть – послушания им.

Обучение детей дошкольного возраста основам безопасного поведения при стихийных и чрезвычайных ситуациях предполагает целенаправленную комплексную работу по формированию у ребенка осознанного поведения в опасной ситуации. Проблема безопасности жизнедеятельности признается во всем мире, и считается одной из наиболее важных проблем, требующих решения. Каждый человек, и взрослый, и ребенок в любой момент может оказаться в чрезвычайной ситуации, столкнуться с опасностью. Техногенные и экологические катастрофы, террористические акты, военные конфликты, рост преступности, социальная и экономическая нестабильность особенно остро сказываются на детях.

Актуальность данной работы обусловлена тем, что дошкольный возраст является важным этапом в становлении личностного опыта ребенка, именно в этот период начинает складываться и опыт безопасного поведения, следовательно, должна осуществляться подготовка детей к безопасному существованию в окружающей среде.

Образовательная программа «Обеспечение безопасности детей дошкольного возраста» (далее - Программа) разработана на основании Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения (приказ МОН РК от 12 августа 2016 года №499, с внесенными изменениями и дополнениями приказом МП РК от 14 октября 2022 года №422), с требованиями Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения, утвержденного приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 29031).

ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ

Образовательная программа «Обеспечение безопасности детей дошкольного возраста» (далее - Программа) – это:

- современная программа, предлагающая педагогический инструментарий успешного решения образовательных задач, связанных с формированием культуры безопасности личности;

- развивающая программа, которая определяет социальную ситуацию развития и описывает систему условий развивающего взаимодействия всех участников воспитательно-образовательного процесса (воспитанников, их родителей (законных представителей) и педагогов) в решении задач, связанных с осмыслением безопасности личности, общества, государства;

- гибкая программа, которая может быть адаптирована к запросу детей с особыми образовательными потребностями.

Цель Программы: становление культуры безопасности личности в процессе активной деятельности, расширение социокультурного опыта подрастающего поколения, содействие формированию эмоционально-ценностного отношения к окружающему миру.

Задачи Программы:

- создание условий для формирования культуры безопасности личности в процессе деятельностного познания воспитанником окружающего мира (природы, общества, культуры) и самого себя (своего тела, здоровья, потребностей, особенностей, интересов, способностей);

